



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Қарағанды
бизнесінің
биік белесі



2-бет

Қауіпсіздіктің
жаңа қадамы



5-бет

Кітап оқыған
кіріптар
болмайды



8-бет

Даңғыл жол дамуды жеделдетеді

Жол – экономиканың күрегі. Күрежолдың сапасы артып, алыс пен жақынның арасы ғана емес, халықтың әл-ауқаты мен мүмкіндіктері де кенейе түспек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың V отырысында атап өткендей, көлік инфрақұрылымын жаңғырту – ел дамуының стратегиялық арқауы. Еліміздің тоғыз жолдың торабында орналасқан Арқа өңірі үшін жол сапасын жақсарту – кезек күттірмес басымдықтың бірі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүйелі жұмыс

Соңғы жылдар мұғдарында жол инфрақұрылымын дамыту бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, ірі жобалар арқылы өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті артып келеді. Негізгі басымдық республикалық маңызы бар күрежолдарды жаңғыртуға және өңіраралық байланысты күшейтуге берілді.

Бүгінде облыс аумағындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 9 350 шақырым. Биыл осы желінің сапасын жақсарту мақсатында 493 шақырым жолды жөндеу жоспарланған.

Облыс аумағындағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы – 1 930 шақырым. Былтыр осы бағыттағы 9 жол учаскесінде жалпы ұзындығы 276 шақырым болатын орташа жөндеу жұмыстары жүргізілсе, биыл тағы 280 шақырымды қамти-



тын 9 учаскеде осындай жұмыстарды іске асыру жоспарланған. Қазіргі таңда бірқатар учаскелерде жол құрылыс материалдарын дайындау жұмыстары басталып, мердігер ұйымдарды анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүріп жатыр. Сонымен қатар, бір жол өткелі мен екі көпірді күрделі жөнде-

уден өткізу көзделген. Бұл жобалар бойынша қажетті құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының автомобиль жолдары және инфрақұрылымын дамыту бөлімінің басшысы Арғынғазы Қуанышев.

Арғынғазы Бейбітұлының мәліметінше, соңғы жылдары жолдарды жөндеу қарқыны тұрақты. Мәселен, 2024 жылы 1 032 шақырым жол жөнделсе, өткен жылы бұл көрсеткіш 673 шақырымды құрады. Биыл 493 шақырым жолды жөндеу жоспарланған. Жөндеу жұмыстары бірнеше бағытта қатар жүріп жатыр.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Облыстық маңызы бар жол ұзындығы – 2 500 шақырым. Бұл санатта «Саран-Шахтинск» бағытында күрделі жөндеу жалғасып, Шерубай-Нұра өзені арқылы өтетін көпір қайта жаңғыртылуда. Сонымен қатар, «Осакаровка-Есіл» автожолындағы көпірді реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп, «Шахан-Жанаталап» учаскесінде жөндеу жалғасуда.

Инфрақұрылым игілігі

Іргелі жұмыстардың өзегі – стратегиялық жобалар екені хақ. Солардың бірі – көптен күткен «Қарағанды-Жезқазған» күрежолы. Бұл бағыттағы мәселеге де Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтай отырысында «Қарағанды-Жезқазған» бағытындағы жол талай жылдан бері тосып тұр. Биыл ескі жолдың капиталына екі жолақты жаңа жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақты ету жоспарлануда», – деп тоқталып өтті.

Осы тапсырма аясында «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясының Қарағанды облыстық филиалының директоры Думан Қалабиевтің мәліметінше, бұл учаскеде жол құрылыс жұмыстары биыл басталады. Жоба толыққанды реконструкцияны қамтып, нәтижесінде күрежол төрт жолақты заманауи магистральға айналады.

➤ 3-бет

• РЕСМИ

Қабылдау тәртібі өзгерді

Елімізде бірінші сыныпқа құжат қабылдау жүйесіне өзгерістер енгізілді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрілігі хабарлады. Жаңашылдықтар қабылдау процесін жеңілдетіп, мектептерге түсетін жүктемені азайтуға бағытталған.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді бірінші сыныпқа қабылдау науқаны 1 сәуірде емес, 27 мамырда басталады. Қарағанды облысында құжат қабылдау 29 маусым мен 31 тамыз аралығында жүргізіледі. Мұндай шешім оқу процесіне кедергі келтірмеу және мектеп әкімшілігінің жұмысын оңтайландыру мақсатында қабылданған.

Жаңа ережеге сәйкес, мектепалды дайлықтан сол білім ордасында өткен балалар автоматты түрде бірінші сыныпқа қабылданады. Бұл ата-аналар үшін құжат тапсыру рәсімдерін жеңілдетіп, қағазбастылықты азайтады. Сонымен қатар, ата-аналардың баласын басқа мектепке беру құқығы сақталады.

Сондай-ақ, биылдан бастап, өтініш қабылдау өңірлік кесте бойынша жүргізіледі. Бұл тәсіл цифрлық жүйелерге түсетін жүктемені теңестіріп, техникалық ақаулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

• ЖОБА

Жаңа білім алаңы

Қарағанды индустриялық университетінде «Күміс университет» жобасына тыңдаушыларды қабылдау басталды. Бағдарлама егде жастағы тұрғындарға жаңа білім алып, заманауи дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Жоба бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келеді және тұрақты сұранысқа ие. Оқу барысында қатысушылар цифрлық және қаржылық сауаттылықты арттырып, саламатты өмір салтының негіздерін меңгереді. Шахмат, йога секілді түрлі қызығушылық бағыттары бойынша сабақтарға қатыса алады.

Қатысушылар заманауи тәрбие тәсілдерін меңгеріп, баланың жеке шекарасын құрметтеуді, отбасылық жанжалдарды шешу жолдарын үйренеді. Сабақтарда психологтармен бірге нақты өмірлік жағдайлар талданады.

Жоба қатысушылардың тек білімін арттырып қана қоймай, олардың қоғамға бейімделуіне де ықпал етеді. Сонымен қатар, интернет-алаяқтардан қорғану жолдарына ерекше көңіл бөлінеді. Жобаға 45 жастан барлық азаматтар қатыса алады.

Курс соңында тыңдаушыларға сертификат табысталады. Қабылдау 6 сәуірге дейін жалғасады. Сабақтар Теміртау қаласында өтеді.

Өз тілшімізден

• ФОТОАЙЫПТАУ

«Алтын арбаға» ат арба да бара алмайды

Аты дардай «Алтын арбаның» маңы бүгінде көлік жүргізушілері үшін қыл көпір. «Әлем» сауда үйі мен «Алтын арба» базарының арасындағы жолда қазан шұңқырдан көлік жүре алмайтын кепте.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы бір-екі шақырымдық жолда әрлі-берлі өткен көліктер кептеліп тұр. Тіпті, жүргізушілердің еті үйренгені сонша – бір-бірін ыммен түсініп, кезекпен өткізуді дағдыға айналдырыпты.

Тұрғындардың бұл жағдайға наразылығы шегіне жеткен. Қала тұрғыны Айту Жұманбайдың айтуынша, базарға келудің өзі мұңға айналған.

– Өзге жерлерден гөрі мұнда баға арзанырақ болған соң, ауылға азықтүлікті мольна алу үшін келеміз. Әйткенмен, жолдың сапасы сын көтермейді. Саудамызды тәмамдап, көлікке жүк тиеген соң, салмағы артқан темір тұлпардың ой-шұңқырдан өтуі мұн. Менің көлігім «Lada Vesta», асты сәл биіктеу болса да, қиналады. Ал, басқа жеңіл көліктерге обал-ақ, – дейді ол. «Алтын арба» базарының әкімшілік қызметкері Жанбота Ахмедиевтің сөзінше, бұл жол базар балансында жоқ.

– Жол Үкіметтің балансында. Біз де қарап отырған жоқпыз. Барынша әрекет етуге



тырыстық. Тіпті, келісімшартқа отырып, өз қаражатымызға жөндеу беруді де ұсындық. Бірақ, рұқсат бермеді. Олардың айтуынша, Затаевич көшесіндегі 2 шақырым жол биыл жөндеуі тиіс. Күні кеше ғана тиісті мекемелермен хабарласқанымда, осы жү-

ма-сенбі күндері жұмысты бастаймыз деді. Енді соны асыға күтудеміз. Егер бұл жолды базардың балансына өткізсе, өзіміздің автотұрағымыз секілді тақтайдай қылып жасап қояр едік, – деді Жанбота Ахмедиев. Базар басшылығы кейбір шұңқыр-

ларды өз тараптарынан тас төсеммен (брусчатка) уақытша жамаған. Бірақ, бұл – мәселенің түбегейлі шешімі емес.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағанды бизнесінің биік белесі

Қарағанды облысына «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқа төрағасы Қанат Шарлапаев жұмыс сапарымен келді. Ол аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевпен бірге кәсіпкерлермен кездесіп, осы күнде іске асырылып жатқан негізгі реформаларды, бизнес-климатты жақсарту мәселелерін және өзекті түйткілдерді талқылады. Маңызды жиынға облыс әкімінің орынбасары, қалалар мен аудандар әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттері мен облыстық басқармалардың басшылары, сондай-ақ, 100-ден астам шағын және орта бизнес өкілдері қатысты.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Келелі кездесуді ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мұндай ашық диалог форматы дәстүрлі және сұранысқа ие екенін атап өтті. Ескере кетсек, индустриалық өңірде шағын және орта бизнестің рөлі жыл сайын артып келеді: бүгінде бұл салада шамамен 100 мыңға жуық субъект жұмыс істейді. Жалпы өңірлік өнім көлемі 6,5 трлн теңгеге жуықтаған. Облыс экономикасының үштен бірі өңдеу өнеркәсібінің үлесіне тиесілі. Инвестиция тарту мәселесі ерекше назарда. Облыс әкімінің төрағалығымен жұмыс істейтін сараптамалық кеңес аясында бизнес мәселелері тұрақты түрде қаралып келеді. «Атамекен» басшысымен өткен кездесу осы тікелей диалогты нығайтудың заңды жалғасына айналғанды.

Шағын және орта бизнес өңір экономикасында шешуші рөл атқарады: жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді, салық түсімдерінің елеулі бөлігін қалыптастырады және салалардың дамуына үлес қосады. Біздің міндет — бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру және олардың барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде Ұлттық палата басшысы «Атамекеннің» жаңартылған стратегиясының басым бағыттарын айқындай отырып, өңірдегі өзекті мәселелерді шешуге жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Қарағанды облысы — өңдеу өнеркәсібі, машина жасау және жана индустриялар бағытында зор әлеуетке ие қуатты индустриалық хаб. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес экономиканың тірегі болып қала береді. Көздегеніміз — оны қолдау шараларын түбегейлі жаңғырту, — деді Қанат Шарлапаев.

Мәні бөлек кездесу барысында кәсіпкерлер орталық деңгейде шешуді талап ететін бірқатар мәселелерді көтере білді. Атап айтқанда, отандық өндірісті заңсыз импорт пен демпингтен қорғау, қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу, қызметкерлерді сақтанды-



ру жүйесін жетілдіру мәселелері кеңінен сөз болды. Сондай-ақ, заңнамалық базаны жетілдіру бойынша бірқатар ұтымды ұсыныс айтылды.

Еске салайық, жұмыс сапары аясында Қанат Шарлапаев өңірдегі бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорынды және «Террикон алқабы» ІТ-хабын аралады. Сонымен қатар, «Атамекен» басшысы жергілікті өндірушілер мен колөнершілерді біріктірген, өңірлердегі жұмыспен қамтуды және экономикалық бел-

«WEC Trade» компаниясында заманауи өндірістер мен экологиялық шешімдерді дамытуға басымдық берілсе, «Терриконова долина» ІТ-экожүйесінде жаңа экономиканы қалыптастыру мәселелері қаралды.

Бүгінде Қарағанды технологиялық жобалар пайда болатын ортаға айналып келеді. Біздің міндетіміз — осы өсімді қолдау және оның ауқымын кеңейту, — деді ол.

Өндірістік нысандармен танысу сапарының қорытынды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

адами капиталды дамыту бағытына дейін толық қамтуға мүмкіндік береді.

Маңызды жүзесу барысында Қанат Шарлапаев кәсіпкерлердің рөліне айрықша тоқталды.

Кәсіпкерлер — өңір экономикасының тірегі. Олар жұмыс орындарын құрып, инвестиция салып, дамуға жауапкершілік алады. Осы еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін, — деп ағынан жарылды спикер.

Сонымен қатар, бизнес пен билік арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа деңгейі атап өтілді. Бүгінде бұл — жүйелі серіктестік. Бастамалар алдын ала талқыла- нып, кәсіпкерлер қауымдастығының міндетті қатысуымен қабылданады. Бұл — сапалы жаңа диалог форматы деген сөз.



сенділікті арттыруға бағытталған «Бір ауыл — бір өнім» жобасының көрмесімен танысқан еді.

Өңір экономикасының жетекші нысандарымен танысу нақты секторды қалыптастырып отырған кәсіпорындардан басталды. Мәселен, «Kaz-metiz» кәсіпорнында Қанат Шарлапаев беріктігі жоғары арматуралық сым мен болат арқандар өндірісімен жете танысып, кәсіпорынның өсу динамикасы мен экспорттық әлеуетін атап өтті. Мұндай өндірістер өңір экономикасының тұрақтылығында маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Ал, ширек ғасырдан астам уақыттан бері ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етіп келе жатқан «Сантехпром» зауытында импортты алмастыру және экономиканың тұрақтылығы мәселелері қоса талқыланды.

«Даму» қорының қолдауымен кәсіпорында әрі қарай даму мен импортты алмастыру үшін барлық мүмкіндіктер бар, — деп баса белгіледі Қанат Бисимбайұлы.

кезені жылына 8 мың тоннаға дейін өнім өндіруге қауқарлы металл құрылымдарын шығаратын «Profland-RT» ЖШС-не барумен аяқталды. Мұнда күн электр станциялары үшін solar bracket профилін өндіру желісін енгізуге, сондай-ақ, қуаты 100 МВт-тан асатын жобалар жүзеге асырылған күн электр станцияларына арналған қосалқы конструкциялар бағытын дамытуға ерекше назар аударылды.

Сапар аясындағы маңызды кездесулердің бірі Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының Өңірлік кеңесі мүшелерімен бірге өтті. Кездесуді кеңес Төрағасы Владимир Алексеров жүргізді, оған Палата директоры Ернар Күлпейісов қатысты. Кеңес құрамында 26 делегат бар. Олар ірі, орта және шағын бизнес өкілдері мен 11 салалық және 12 аудандық кеңестен құралған қауымдастықтарды қамтиды. Бұл өңір экономикасының негізгі салаларын — тау-кен өндірісінен бастап машина жасау, ІТ, агроөнеркәсіптік кешен және

Іскерлік шара барысында инвестицияларды қолдау мәселесі де маңызды тақырыптардың біріне айналды.

Экономика ішкі инвесторларға мұқтаж. Біз жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар негізінде инвестициялық жобалар пулын қалыптастырып, бизнес, билік және даму институттары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етудеміз, — деді Қанат Бисимбайұлы.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесу барысында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру және өңірді одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Күшті экономика тұрақты жүйеге және бизнестің белсенді ұстанымына негізделеді. Кәсіпкерлер — ел бәсекеге қабілеттілігінің негізі, — деп түйінделді сөзін «Атамекен» басшысы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тұрғындар зардап шекпеуі тиіс



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев энергетиктерден нақты шешімдер талап етті. Өйткені, өңірде тозған инфрақұрылым мен жиі қайталанатын апаттар тұрғындарды жарық пен жылы- сыз қалдыру қаупін күшейтіп отыр. Аймақ басшысы жағдайды қатаң бақылауға алып, жауапты мекемелерге нақты мерзім мен нәтижеге бағытталған шұғыл шаралар қабылдауды міндеттеді. «Тұрғындар жарық пен жылысыз қалмауы тиіс», — деген өңір басшысы бұл мәселеде уәж емес, нақты нәтиже қажет екенін ашық айтты.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

САЛТАНАТ ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте өңірдегі энергетика саласының сенімділігіне қатысты мәселелер кеңінен талқыланды. Соңғы уақытта жабдықтың тозуы мен апаттардың жиілеуі саладағы жүйелі кемшіліктерді айқындап отыр. Осыған байланысты өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев энергетиктерден нақты әрі нәтижелі шаралар күтетінін жеткізді.

Қазіргі таңда ерекше назар Теміртау қаласында орналасқан ҚарМАЭС-1 станциясына аударылған. Жекеменшік NovaNovatis Ltd компаниясына тиесілі бұл нысан ескі қаланы жылумен қамтамасыз етеді. Алайда, жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, станцияның тұрақты жұмыс істеуі әлі толық жолға қойылған жоқ.

Станция директоры Сергей Кривов нысанды «қызыл аймақтан» шығару үшін кешенді шаралар қолға алынғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, биыл №10 қазандық агрегатына күрделі жөндеу жүргізіліп, бу қыздырғыштың қаңқасы мен су экономайзері ауыстырылады, сондай-ақ, №11 қазандық барабаны, сорғы жабдықтары мен арматура жаңартылады.

Бұл апаттық іркілістерді айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді, — деді Сергей Кривов.

Дегенмен, энергетикалық қадағалау органдары бұл жұмыстардың нәтижесі бірден көрінбейтінін ескертеді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Айрат Қарамұрзин станцияны толық қалпына келтіруге кемінде 2-3 жыл және қомақты инвестиция қажет екенін атап өтті.

Бір жарым жыл ішінде ги-

мараттарды жөндеп, №10 қазандық бойынша жұмыстарды аяқтау қажет. Тек содан кейін ғана электрлік бөлікті жаңғыртуға көшуге болады, — деді ол.

Өңір басшысы компания тарапынан жүктелген міндеттердің маңызын толық түсіну қажеттігін ерекше атап өтті.

Қандай да бір уәждер сіздерді жауапкершіліктен босатпайды. Басымдықтар мен нақты мерзімдерді айқындау қажет. Олар орындалмайынша, станцияның тұрақты жұмысы туралы айту мүмкін емес, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, Қарағанды өңірлік энергетикалық компаниясының қызметі де ерекше бақылауға алынған. Ұзындығы 6,5 мың шақырымды құрайтын электр желілері Абай, Қарқаралы, Осакаров және Нұра аудандарын қамтығанымен, олардың тозу деңгейі жоғары. Әсіресе, қосалқы станциялардың жағдайы алаңдаушылық туғызып отыр.

Мамандардың бағалауынша, апаттылық деңгейін кемінде үштен бірге төмендету үшін желілерді жөндеуге шамамен 5 млрд теңге, ал қосалқы станцияларды жаңартуға тағы 500 млн теңге қажет.

Кеңес қорытындысында облыс әкімі жауапты органдарға нақты мерзім қойды.

Екі апта ішінде осы жағдайдан шығудың нақты жоспарын күтміз. Егер ондай жоспар ұсынылмаса, мәселе Энергетика министрлігі деңгейінде қаралады және біз басқа сценарий бойынша әрекет етеміз. Бірақ тұрғындар зардап шекпеуі тиіс, — деп түйінделді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.


Жалпы, өңірдегі энергетика мәселесі тек техникалық емес, әлеуметтік маңызы жоғары бағытқа айналып отыр. Жарық пен жылулық тұрақтылығы — халықтың күнделікті өмірінің басты кепілі. Сондықтан, бұл саладағы нақты шешімдер мен жүйелі жаңғырту жұмыстары уақыт күттірмейтін міндет ретінде қарастырылуға.

Клинкерлік плита өзімізде өндіріледі

Облыста өңдеу өнеркәсібін дамыту бағытындағы ірі жобаның бірі жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, премиум санаттағы қасбеттік клинкерлік плитка өндіретін жаңа зауыт іске қосылмақ. Бұл бастама — импортты алмастыру, құрылыс материалдарының қолжетімділігін арттыру және жаңа жұмыс орындарын ашу тұрғысынан маңызды қадам.

САЛТАНАТ ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қарағанды өңірі индустриялық дамудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Соның айқын көрінісі — QAZCLINKER компаниясы жүзеге асырып жатқан клинкерлік плитка өндіру жобасы. Аталған өндіріс елімізде алғаш рет қасбеттік клинкерлік плитка шығаруға бағытталғанымен ерекшеленеді.



Жобаның жүзеге асырылу барысымен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев танысып, құрылыс жұмыстарының қарқынына оң баға берді. Қазіргі уақытта өндірістік алаңда технологиялық жабдықты орнату жұмыстары жүргізілуде. Қажетті құрал-жабдықтар толық сатып алынып, кезең-кезеңімен жеткізілуде.

Компания директоры Дәулет Смағұловтың айтуынша, кәсіпорынның негізгі мақсаты — сапалы әрі қолжетімді өнім өндіру.

Біздің ұстанымымыз — премиум сападағы өнімді қолжетімді бағамен ұсыну. Жобаны өз қаражатымыз есебінен және Қазақстан даму банкінің қолдауымен жүзеге асырып жатырмыз. Өндіріс толық іске қосылған кезде жылына 1 миллион шаршы метрге дейін өнім шығаруға мүмкіндік болады, — деді ол.

Жаңа зауыт тек ішкі нарықты қамтып қана қоймай, экспорттық әлеуетті де арттыруға бағыт-



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

талған. Бұл өз кезегінде отандық құрылыс индустриясының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Жобаны Қарағанды облысында іске асыруға өңірдің тиімді географиялық орналасуы, дамыған инфрақұрылымы және қолайлы логистикалық мүмкіндіктері әсер еткен. Сонымен қатар, өндірісті табиғи газға қосу мүмкіндігі де маңызды факторлардың бірі болды. Қазіргі таңда өндіріс алаңында барлық қажетті инфрақұрылым толық қамтамасыз етілген.

Зауыт іске қосылғаннан кейін шамамен 170 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бұл — өңір тұрғындарын жұмыспен қамтуға қосылған нақты үлес.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Миллиардтар мәселені шеше ме?

Қазақстан Республикасы Үкіметі алдағы үш жылға аса ауқымды жоспар құрып отыр. Қарағанды облысы аумағындағы инженерлік жүйені жаңғырту жұмыстарына 70 миллиард теңгеге жуық инвестиция құйылмақ. Бұл қомақты қаражат тозығы жеткен жылу магистральдарын ауыстыру, электр стансалары мен қосалқы стансаларды жаңарту әрі инженерлік желілер жұмысын қалыпқа келтіруге жұмсалмақ. Осы орайдағы сауал көп, жауап қайсы?

Erkanat KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»


Алдымен еске салайық, 2025 жылдың 15 шілдесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевпен кездесуінде инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берген еді. Одан бері бір жылға жуық уақыт өтті.

Иә, қоғамда «Бөлінген ақша деген жеріне жете ме?» деген заңды сауал туындайды алдымен. Бұған дейін де аз қаражат бөлінбегені белгілі. Мамандар тарабы тек жапа қаржы бөлу аздық етеді. Мұнда қатаң бақылау, сапалы материалдар және мердігерлердің жауапкершілігі басты орында болуы тиіс деп санайды. «Облыс билігі мен жауапты мекемелер бұл миллиардтарды қалай игереді?» дер болсақ, әуел баста Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Қымбат Бейсенов мырзаға жүгіне кеткенді күл көрдік.

– Қарағанды облысында жүргізілген арнаулы сараптама коммуналдық желілер ахуалының әлі де күрделі екенін көзге көрсетті. Токталсақ, алты жылмен жабдықтау кәсіпорнында тозу үдерісі 62-ден 75 пайызға дейін, төрт электрмен жабдықтау нысанында 72-ден 95 пайызға дейін, алты сумен жабдықтау кәсіпорнында 61-ден 84 пайызға дейін, жеті су бұру кәсіпорнында 69-дан 90 пайызға дейінгі аралыққа жеткен. Жыл сайынғы табиғи тозу 2-3 пайызды құрайтынына қарамастан, көптеген желілер елу жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Сондықтан, инженерлік желілерді жөндеу көлемін айтарлықтай ұлғайту қажеттілігі туындап отыр, – деді Қымбат Серікұлы.

Салалық департамент басшысы келтірген дәйек аймақтың тыныс-тіршілігін ұстап тұрған «құрғамырлардың» соңғы шегіне жеткенін білдіретін дабыл іспетті. Жыл сайынғы табиғи тозу қарқыны 2-3 пайызды құрап отырғанда, жағдайды қаз-қалпында сақтау үшін өзі ерлікпен тең. Демек, біз қазір тек ақауларды жамап-жасқаумен ғана емес, уақыттың өзімен жарысып жатырмыз. Егер жөндеу жұмыстарының көлемі мен сапасы осы тозу қарқынынан озып түспесе, бөлінген миллиардтар тағы да теңізге тамған тамшыдай ізсіз кетуі қалды.

Жарым ғасырдан астам уақыт бойы жер астында жатқан құбырлар мен көк тіреген бағаналар бүгінде үлкен «хирургиялық» араласуды қажет етеді. Өйткені, табиғат пен уақыт кәтелікті кешірмейді,



ал тозған желілердің төзімі таусылуға жақын. Спикер сөзінше ерекше назар «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасына аударылды. 2024 жылдың желтоқсанында бекітілген жоба 2025-2029 жылдарға арналған. Оның негізгі мақсаты – өндіріші куаттар мен коммуналдық инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету, түрлі апат санын ең кемінде 20 пайызға азайту, энергетикалық активтердің тозуын республика бойынша орта есеппен 40 пайызға дейін жеткізу.

– Ұлттық жоба аясында Қарағанды облысына 2025-2028 жылдарға жалпы 69 миллиард 807 миллион теңге инвестиция бөлінген. Қаражаттың едәуір бөлігі электр желілерін реконструкциялауға (29 миллиард 87 миллион теңге), су құбырларын жаңартуға (15 миллиард 130 миллион теңге) және жылу желілерін қайта құруға (24 миллиард 799 миллион теңге) бағытталады. Жалпы, осы кезеңде 347 шақырым инженерлік желі ауыстырылады деп жоспарлануда, – дейді Қымбат Бейсенов.

Сайып келгенде, департамент өкілдері ұлттық жобаның еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, инфрақұрылым-

ның тозуын азайтуға және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға маңызды үлес қосатыны айқын. Әрі 2024 жылдан бермен қарай инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметаларды орындамағаны үшін 26 субъект бойынша 3 миллиард 110 миллион теңге тұтынушыларға қайтарылғаны, ал жылыту маусымындағы қайта есептеу арқылы тағы 293 миллион теңге өтелгені және айтылды. Ал, 2025 жылы департамент 90 табиғи монополия субъектісінің 135 қызметін, оның ішінде жылумен жабдықтаудың 27, сумен жабдықтау мен су бұрудың 63, электр энергиясын беру бойынша 27, газ тасымалдаудың 3 және кіру жолдарының 15 қызметін реттеген. Сонымен қатар, 5 қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі бақылауда болған.

Өткен жылы болса департамент қызметкерлері 214 өтінімді қарастырған. Оның 85-і мақұлдана, қалған 129-ына рұқсат етілмеген. Инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалардың орындалуы жыл бойы қатаң мониторингке алынды. Егер кез келген субъект жауапкершіліктен жалтарып, мысалы, модернизация және дамыту бойынша алған



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

міндеттемелерін орындамаса, құзыретті орган заңға сәйкес уақытша өтемдік тариф енгізеді. Бұл шара тұтынушыларға игерілмеген қаражатты қайтаруға мүмкіндік береді.

Салалық департамент тарапынан енгізіліп жатқан уақытша өтемдік тарифтер мен қатаң мониторинг – монополистер үшін еркінсудің кезеңі өткенін, ал, тұтынушы үшін әділдік орнай бастағанын көрсетеді. Бүгінгі таңда басты мақсат – жарылған құбырды жамау емес, жарты ғасырлық ескі жүйенің орнына заманауи, сенімді инфрақұрылым қалыптастыру. Егер жоспарланған жұмыстар мен қатаң бақылау тетіктері қаз-қатар жүзеге асса, Қарағандының «құрғамырлары» қайта жанданып, халықтың коммуналдық игілікке деген сенімі де нығая түспек. Өйткені, қазіргі уақытта инфрақұрылымды жаңарту – ертенгі күннің қауіпсіздігі мен өмірдің тұрақты дамуының кепілі. Бастысы, бөлінген миллиардтар «құмға сіңген судай» ізсіз кетпей, әр шаңыраққа жылу мен жарық болып жетуі тиіс екендігі аян.

«Сөзден – іске, тапсырмадан – нәтижеге» деген өміршең қағидатты негізге алған болсақ, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы шілдеде берген нақты тапсырмалары Қарағанды облысының тозған инфрақұрылымы үшін жай ғана «жоспар» емес, «мүлтіксіз мүмкіндік» ретінде қабылданды. Содан бері өткен бір жылға жуық уақыт көрсеткендей, миллиардтар тек қағаз бетіндегі сан күйінде қалмай, нақты іске айнала бастады. Алайда, 70 миллиард теңгенің игерілуі – мемлекет пен монополистердің халық алдындағы үлкен емтиханы дер едік.

Бүгінде Қарағандының инженерлік желілеріндегі «хирургиялық» жөндеу жұмыстары мен тарифтік ашықтық – Президент талап еткен жаңғыртудың алғашқы нышандары. Бірақ, жарты ғасырлық «мұраны» бір жылда еңсеру мүмкін емес. Сондықтан, алдағы кезеңдегі басты талап – тек құбырды жаңарту емес, жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру болса керек.

Егер құбылау мен атқару осы қарқыннан таймаса, Қарағанды облысы «апатты аймақ» деген аттан арылып, сенімді инфрақұрылымның жаңа үлгісіне айнала алады. Өйткені, халыққа керегі құрғақ уәде емес, құбырлардан аққан таза су мен үзілмейтін қуат көзі. Ал бұл – мемлекеттік деңгейдегі сенімнің ең басты өтеуі.



ИНКЛЮЗИЯ

Әлеуметтік қолдаудың тың тәсілі

Қарағанды қаласындағы Тен Qoғам орталығы ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдау бағытында нақты нәтижеге жұмыс істейтін тиімді алаңға айналып отыр. Бұл – тек кесем берумен шектелмейтін, адамның әлеуетін ашуға бағытталған жүйелі жұмыс.

Салтанат Л.ИЯИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде қоғамдағы инклюзия мәселесі – мемлекеттік саясаттың маңызды бағытының бірі. Осы тұрғыда Қарағандыдағы Тен Qoғам мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы нақты істер арқылы ерекшеленіп келеді.

Жуырда орталықта өткен кездесу мазмұнды диалог алаңына айналды. Басқосуға Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кеңесшісі Захира Бегалиева қатысып, өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Қарағанды облысы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталиев орталықтың қызметі мен қол жеткізген нәтижелері туралы кеңінен баяндады. Оның айтуынша, Тен Qoғам бүгінгі таңда тек ақпараттық қолдау көрсетіп қана қоймай, азаматтардың нақты нәтижеге жеткізетін кешенді қызмет ұсынады.

Атап айтқанда, орталық кеңес беру, жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, кәсіби оқыту, әлеуметтік бейімдеу бағыттары бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл қызметтер мүгедектігі бар азаматтардың еңбек нарығына бейімделуіне және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Кездесу барысында ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өмір сапасын арттыру мәселесі кеңінен талқыланды. Қатысушылар қолжетімді ортаны дамыту, инфрақұрылымды бейімдеу, сондай-ақ, әр азаматтың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау бағытында ұсыныстарын ортаға салды.

Басқосу бейресми форматта өткенімен, көтерілген мәселелердің маңызы жоғары болды. Қатысушылар ашық пікір алмасып, қолданыстағы қолдау тетіктерін жетілдіру жолдарын қарастырды.

Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың басым бағыттары айқындалып, өзара ынтымақтастықты күшейту мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Даңғыл жол дамуды жеделдетеді

(Соңы. Басы 1-бет).

Жоғалы жоба халықаралық қаржы институттарының қолдауымен жүзеге асырылмақ. Қаржыландыру Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі арқылы қарастырылған. Жобаны іске асыру 2026-2029 жылдарға жоспарланған.

Жоба тек жол жамылғысын жаңартумен шектелмейді. «Қарағанды-Жезқазған» автожолы бойында барлығы 270 көпір мен жол айрығын салу қарастырылған. Бұдан бөлек, диаметрі 1,5 метр болатын 450-ден астам су өткізгіш құбыр орнатылады. Сондай-ақ, әр 20 шақырым сайын мал мен ауыл шаруашылығы техникаларының қауіпсіз өтуіне арналған арнайы өткелдер салу көзделген.

Өңірдегі тағы бір ірі жоба – «Қарағанды-Балқаш» және «Балқаш-Бурылбайтал» күрежолдары. Жалпы ұзындығы 413 шақырымды құрайтын бұл бағыттағы жұмыстар былтыр толық аяқталып, өңірдің көлік инфрақұрылымына серпіліс әкелді.

Жаңғырту жұмыстары барысында жолдың техникалық параметрлері толықтай халықаралық талаптарға сәйкестендіріліп, заманауи қауіпсіздік элементтері енгізілді. Көпірлер мен жол өткелдері жаңартылып, жол бойындағы инфрақұрылым да кешенді түрде жақсартылды.



Жол инфрақұрылымын дамыту – тек жаңа жол салумен немесе ескісінің бетін жаңартумен шектелмейтін кешенді процесс. Бүгінгі таңда басты назар – жұмыс сапасына және пайдалану мерзіміне ұзақтығына. Өңірішілік қатынасты жақсартуда «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолының

маңызы айрықша. Бұл бағыт – тек ауданаралық байланыс қана емес, облыстың туристік әлеуетін арттыратын негізгі күретауы. Былтыр бұл жол толық жөндеуден өтіп, пайдалануға берілсе, биыл жұмыстар ары қарай жалғасады. Атап айтқанда, «Егіндібұлақ-Бүркітті» аралығындағы бөлікті

жаңғырту – шалғайдағы ауылдардың орталықпен байланысын нығайтып, ауыл шаруашылығы мен ішкі туризмнің дамуына жаңа серпін бермек.

Сервис пен қауіпсіздік

Жол салу – бір бөлек, ал, төселген асфальттың ғұмырын

ұзарту – одан да жауапты міндет. Арқаның қатал климаты, қыстағы қары мен жаздағы аптабы жол жамылғысын нағыз сыға алады. Оған қоса, тәулік бойы толассыз ағылған ауыр жүк көліктері тас-жолдың иығына үлкен салмақ салып, табиғи тозу процесін жеделдетеді. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, бүгінде өңір жолдарында заманауи қорғаныс қабаттары қолданылуда. Асфальттың беріктігін арттыру үшін төзімділігі жоғары, инновациялық битум қоспалары пайдаланылып, жолдың жауын-шашынға төтеп беруі үшін су ағызу жүйелері түбегейлі жетілдірілуде.

Заманауи күрежол – тек тақтайдай тегіс емес, ең алдымен, жолаушының қауіпсіздігіне де мән берсе керек. Бүгінде жол сапасын бағалаудың өлшемі өзгерді. Бұл бағыттағы серпінді қадамдардың бірі ретінде республикалық маңызы бар «Астана-Алматы» автожолының Балқаш пен Сарышаған аралығындағы учаскесін айтуға болады. Мұнда орнатылған жаңа жылдамдық өлшегіш камералар – цифрлық қырағылықтың жарқын үлгісі. Екі бағытта да қалт жібермейтін құрылғылар жол қозғалысын реттеп, жүргізушілерді жауапкершілікке үндейді. Сонымен қатар, ірі жобалар аясында көпірлер мен жол өткелдері жаңғыртылып, су өткізу құбырлары мен қауіпсіз кері бұрылу алаңдары

салынуда. Бұл инженерлік шешімдердің барлығы – адам өмірін сақтауға бағытталған қадамдар.

Жол мәдениетінің тағы бір маңызды көрсеткіші – сервис. Бүгінде жол бойында тек жанармай бекеттері емес, заманауи демалыс алаңдары, автобус аялдамалары мен сервистік нысандар бой көтеруде. Әсіресе, жылы дәретханалармен жабдықталған санитарлық тораптардың орнатылуы – бұрынғы ескі сұрлеуден арылып, өркениетті көштің жаңа стандарттарына бет бұрғанымыздың айғағы.

Түйін

Жол – өмірдің әлеуетін танытатын, тыныс-тіршілігін айқындайтын басты өлшем. Сапалы күрежол бар жерде – тіршілік бар, даму бар, болашаққа деген нық сенім бар. Бүгінгі жол саласындағы жетіліс жобалар жаңа мазмұнға ие болып, қауіпсіздік, жайлылық және мәдениет ұғымдарымен біте қайнасып кетті. Тақтайдай тегіс жол – тәртіптің, ал, тәртіп – тұрақты өркендеудің алтын қазығы. Ендеше, Арқа төсіндегі ағылған жолдар тек қала мен даланы ғана емес, елдің ертеңі мен бүгінін жалғайтын алтын көпір болып қала бермек. Сапалы жол – сәтті сапардың ғана емес, кемел келешектің кепілі.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қоғам тұрақтылығының өзегі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында құқықтық мемлекет құрудың басты алғышарты ретінде «Заң мен тәртіп» қағидатына ерекше мән беріп келеді. «Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Ең алдымен, мемлекетте заң талانتары мүлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жаза-сын алуға тиіс», – деп нақты атап көрсеткен еді. Бұл тұжырым – бүгінгі Қазақстан қоғамының даму бағдарының айқын көрсеткіші. Облыс аумағында аталған стратегиялық бағыт нақты іс-шаралармен бекітіліп, құқық қорғау жүйесінің барлық буыны кешенді әрі нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді. Аймақтағы соңғы деректерге сүйенсек, қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алдын алу шараларын күшейту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру жүзеге асырылуда.



Қолжазба жасап отырған Шынар Адамбекова

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қылмысқа қарсы күрес жүйелі

Облыста құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысы қылмысқа қарсы күрестің нақты нәтижелерін көрсетіп отыр. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың қызметін әшкерелеу бағытында жүргізілген жедел-іздіксіз шаралары бірқатар маңызды жетістіктерге жеткізді. Дерекке сүйенсек, жүргізілген бір ғана операция барысында ұрлық, бопсалау, алаяқтық және тонау фактілері бойынша 6 қылмыстық іс қозғалып, 20 күндікі ұсталды. Сонымен қатар, 47 санкцияланған тінту жүргізіліп, нәтижесінде заңсыз айналымнан қару-жарақ, оқ-дәрілер, бірнеше автокөлік және ірі көлемдегі ақша қаражаты, оның ішінде шетел валютасы тәркіленді.

Аталған қылмыстық топ жастарды өз қатарына тартуға тырысқан. Тергеу барысында топ мүшелерінің бірі спорт саласындағы беделін пайдаланып, «спортты дамыту» деген желеумен жасөспірімдерді ауыр және аса ауыр қылмыстарға итермелегені анықталды. Бұл жағдай қазіргі қылмыстық күшке ғана емес, әлеуметтік ықпал мен психологиялық манипуляцияға да негізделі бастағанын көрсетеді.

Қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін тағы бір маңызды мәселе – мас күйінде көлік басқару.

– Жыл басынан бері Қарағанды қаласында 143 мас жүргізуші анықталды. Олардың бесеуі құқық бұзушылықты қайталап жасап, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Кейбір жағдайларда жүргізушілердің куәлігі болмай тұрып, көлік басқаруы анықталып отыр. Бұл құқықтық нормаларды елемей-мен қатар, өзге азаматтардың өміріне тікелей қауіп төндіру екенін ұмытпаған жөн. Мұндай деректер қоғамда құқықтық нигилизмнің әлі де бар екенін көрсетеді, – деп атап өтті Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Бағдат Какимов.

Сенімге негізделген қауіп

Соңғы жылдары алаяқтық қылмыстарының сипаты айтарлықтай өзгерген. Кеншілер өлкесінде тіркелген істер қылмыскерлердің материалдық пайда көзін қана қоймай, адамдардың психологиясын терең меңгергенін дәлелдейді. Мәселен, мына бір жағдайда 43 жастағы әйелдің сеніміне кірген күдікті оның телефоны мен банк қосымшасына қол жеткізіп, 290 мың теңге көлеміндегі қаражатты иемденген.

Тағы бір күрделі қылмыстық жүйе «білім» тақырыбымен байланысты. 32 жастағы алаяқ ата-аналардың балаларына де-

ген үмітін пайдаланып, «грантка түсіреміз» деген үдемен 11 эпизод бойынша қылмыс жасаған. Жалпы, келтірілген шығын көлемі 15 миллион теңгеге жеткен. Бұл жағдай алаяқтықтың әлеуметтік сезімдерге әсер ету арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Егде жастағы азаматтарға бағытталған қылмыстар да қоғамды ерекше алаңдатып отыр. Теміртауда анықталған топ кемінде 9 эпизодқа қатысып, жәбірленушілерге 320 мыңнан 4 миллион теңгеге дейін шығын келтірген. Қылмыскерлер жәбірленушімен телефон арқылы туысы ретінде сөйлесіп, кейін «курьер» арқылы ақша алдыру тәсілін қолданған. Жәбірленушілердің жасы 75-тен жоғары болғаны олардың осал топ екенін дәлелдейді.

Бұдан бөлек, көлеңкелі экономика элементтері де қауіп төндіруде. Жол қауіпсіздігі саласында жүргізілген рейдтер барысында 300-ден астам құқық бұзушылық анықталған. Оның ішінде, минивэндер бойынша 153, автобустар бойынша 161 құқық бұзушылық тіркеліп, 35 мемлекеттік нөмір алынып, 22 көлік айып тұрағына қойылған. «Жатып тасымалдау» сияқты заңсыз қайта жабдықтау жағдайлары жолаушылардың өміріне үлкен қауіп төндіретінін айту керек. Бұл – табыс табу мен қауіпсіздік арасындағы қайшылықтың нақты көрінісі.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Құқықтық мәдениет қауіптің алдын алады

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің ең тиімді жолы – алдын алу шараларын күшейту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Облыста бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мектептерде ұйымдастырылған құқықтық сауаттылық сабақтарына 400-ден астам оқушы қатысып, буллинг, кибербуллинг, есірткі қылмыстары және кемелетке толмағандардың жауапкершілігі сияқты маңызды тақырыптар талқыланды.

– Заңды құрметтеу – бұл өз құқығыңды қорғау және әр әрекетіңе жауап беру. Жасөспірімдер – елдің ертеңі. Қазақстанның болашағы жас буынның бүгінгі таңдауларына тікелей байланысты, – дейді полиция департаментінің бастығы Негмет Исмағұлов.

«Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы да нақты нәтижелер көрсетті. Екі күн ішінде 133 жасөспірімнің түнгі уақытта заңды өкілісіз жүргені анықталып, олардың 11-і бейімдеу орталықтарына орналастырылды. Сонымен бірге, 19 жасөспірім девиантты мінез-құлқы үшін есепке алынып, 170 әкімшілік хаттама толтырылған. Бұл ретте 25 ата-ана мен 4 кәсіпкер жауапкершілікке тартылды. Бұл деректер құқық бұзушылықтың алдын алу мемлекеттік органдармен қатар, ата-аналардың һәм қоғамның ортақ міндеті екенін аңғарта берек.

Одан бөлек, көші-қон саласында да бақылау күшейтілген. Тексеру нәтижесінде 192 нысан тексеріліп, 441 құқық бұзушылық анықталыпты. Оның ішінде 37 «резоңке пәтер» тіркеліп, 106 адам заңсыз тіркеуден шығарылған. Бұл – көлеңкелі көші-қонның қоғамдық қауіпсіздікке тікелей әсер ететінін дәлелдейді.

Қауіпсіздік инфрақұрылымын жетілдіру мәселесі де күн тәртібінде. Сараптама күзет қызметкерлерінің даярлығы, техникалық құралдардың тұрақтылығы және әрекет алгоритмдерінің жеткіліктілігін көрсетті. Осыған байланысты бірыңғай деректер базасын құру, төтенше қызметтермен өзара іс-қимылды күшейту, оқу-жаттығулар өткізу және техникалық тексерулерді жүйелеу ұсынылды.

Облыс аумағындағы ахуал заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Дегенмен, құқықтық тәртіп жазалау шараларымен ғана емес, азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениеті арқылы нығайды.

• САЙЫС

25-ші қабатқа үш минутта көтерілді

Қарағандыда өрт сөндірушілер толық жауынгерлік киіммен 25-қабатқа үш минутқа жетпей көтеріліп, төтенше жағдайдағы дайындығын іс жүзінде көрсетті. «Тік көтерілуді» атты арнайы жарыс кәсіби шеберлік пен төзімділіктің шынайы сынағына айналды.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Салтанат ІЛНИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төтенше жағдайлар департаментінде ұйымдастырылған бұл жарыс қызмет жағдайына барынша жақындатылған форматта өтті. Қатысушыларға тұрғын үйдің баспалдақ алаңдарын толық жауынгерлік киімде және тыныс алу аппараттарымен еңсеру тапсырылды. Жалпы салмағы 25 келден асатын жабдыкпен биік қабаттарға көтерілу өрт сөндірушілер үшін оңай сынақ емес.

Сайысқа барлығы 51 өрт сөндіруші қатысып, өздерінің физикалық дайындығы мен кәсіби шеберлігін көрсетті. Нәтижесінде ең үздік көрсеткіш – 2 минут 50 секунд мамандандырылған жасактың аға өрт сөндірушісі Алексей Теренокке тиесілі болды.

Екінші орынды №6 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Абылай Амантаев 3 минут нәтижемен иеленсе, үшінші орын №1 өрт сөндіру бөлімінің қызметкері

Данияр Әбеновке бұйырды. Ол қашықтықты 3 минут 16 секундта еңсерді.

Жарыс жеңімпазы Алексей Теренок бұл сынақтың оңай болмағанын жасырмады. Оның айтуынша, бастапқы қарқын жеңіл көрінгенмен, биіктеген сайын жүктеме айтарлықтай арта түседі.

– Жауынгерлік киіммен 25-қабатқа жүгіріп көтерілу оңай емес. 12-қабатқа дейін аса қиындық сезілген жоқ, ал одан кейінгі қабаттарды тек жігер мен төзімнің арқасында еңсердім, – деді ол.

Мамандардың айтуынша, мұндай жарыстар тек спорттық сипатта ғана емес, нақты қызметтік дайындықтың маңызды бөлігі. Олар өрт сөндірушілердің физикалық төзімділігін арттырып аға өрт сөндірушісі Алексей Теренокке тиесілі болды.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар алдағы республикалық жарыстарда Қарағанды облысының намысын қорғайды.



• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Әскеріміз әлжуаз болмасы үшін...

Көктем – табиғат түлеп, елдік жауапкершілік жанғыратын кез. Әсіресе, әскери міндетке шақыру науқаны басталған шақта қоғам назарында «Бүгінгі жасөспірім Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге қаншалықты ынталы?» деген бір ғана сауал тұрады. Өмірлік коммуникациялар алаңында өткен «Көктемгі мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыру» тақырыбындағы брифинг осы сұраққа нақты жауап беріп, кеншілер өлкесіндегі жүйелі жұмыстың бағыт-бағдарын айқындап берді. Жиында Қарағанды облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Жанас Құнанбаев көктемгі шақыру науқанының барысын жан-жақты баяндап, оның құқықтық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық қырларын тарқатты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 14 наурыздағы №12/02 Жарлығы – биылғы көктемгі әскерге шақырудың құқықтық негізі. Осы құжатқа сәйкес, 1 наурыздан бастап, аймақтарда шақыру комиссиялары өз жұмысын бастап та кетті. Жергілікті атқарушы органдардың үйлестіруімен жүргізіліп жатқан бұл науқанның ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі екенін айту керек. Жарлықта нақты көрсетілгендей, кейінге қалдыруға немесе босатуға негізі жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтар Қарулы Күштер, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Мемлекеттік құзғат қызметі қатарында әскери борышын өтейді.

Облыста биыл көктемде 1140 азамат әскер қатарына шақырылмақ. Бұл – облыс әрі тұтас елдің қорғаныс қабілеті үшін маңызды көрсеткіш. Оның ішінде, 670 азамат Қорғаныс министрлігіне, 350 азамат Ұлттық ұланға, 90 адам Шекара қызметіне, 20 азамат Төтенше жағдайлар министрлігіне, ал, 10 адам Мемлекеттік күзет қызметіне жолданады. Сандық көрсеткіштердің өзі әскерге шақыру жұмысының нақты жоспарға негізделгенін аңғартады. Әрбір құрылымға бөлінген квота – қауіпсіздік жүйесінің теңгерімділігін сақтаудың айқын көрінісі.

Әскерге шақыру үдерісінде ашықтық пен әділдік басты қағидатқа айналған. Бүгінде шақырылушыларды хабардар ету жүйесі де жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Дәстүрлі шақыру қағаздарымен қатар, SMS-хабарлама және «электрондық үкімет»



порталы арқылы ақпарат беру тәжірибесі енгізілген. Бұл – уақыт талабына сай шешім. Әр азамат өзіне қатысты ақпаратқа жедел кешікізіп, қажетті рәсімдерден кешікпей өтуге мүмкіндік алады. Ал, медициналық комиссия – іріктеудің ең маңызды кезеңі. Мұнда жастардың денсаулығы жан-жақты тексеріліп, әскери қызметке жарамдылығы анықталады.

Заң талаптары да айқын.

– «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 35-бабына сәйкес, кейінге қалдыру тек нақты негіздер бойынша беріледі. Отбасылық жағдай, білім алу немесе денсаулыққа қатысты себептер – басты өлшемдер. Алайда, бұл мүмкіндіктер шексіз емес. Әсіресе, білім алу бойынша жеңілдік әр деңгей

үшін бір рет қана ұсынылады. Бұл – жүйенің әділдігін қамтамасыз ететін маңызды тетік, – деп түсіндірді Жанас Құнанбаев.

Бүгінгі әскер – әр азаматқа мүмкіндік алаңы. Мемлекет сарбаздарға толық әлеуметтік пакет ұсынады. Ең бастысы, әскери қызметтен кейін жастар жоғары оқу орындарына ҰБТ-сыз түсуге мүмкіндік қарастырылған немесе

жұмысшы мамандық алып, еңбек нарығына еркін араласуға мүмкіндік алады.

Соңғы жылдары әскерге шақыру жүйесіне енгізілген жаңашылдықтардың бірі – психологиялық іріктеу. «Psy-Risk» әдістемесі арқылы жастардың психосоциалды жағдайы алдын ала бағаланып, тәуекел факторлары анықталады. Бұл – әскери бөлімдердегі қауіпсіздікті арттыра отырып, сарбаздардың өзара қарым-қатынасын да нығайта түсетін маңызды қадам. Яғни, бүгінгі әскер физикалық әрі психологиялық тұрғыдан да дайындықты талап етеді.

Сонымен қатар, десанттық-шабуылдау әскерлеріне іріктеу талаптары да нақты. Бойы 170 сантиметрден төмен емес азаматтар ғана бұл бөлімдерге қабылданады. Мұның әскери дайындықтың сапасын арттыруға бағытталған кәсіби талаптың бірі екенін атап өту керек.

Әскерге шақырудан жалтарудың салдары да жеңіл емес. Қолданыстағы заңнамада мұндай әрекеттер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген. Бұл – тәртіп пен заң үстемдігін қамтамасыз етудің қажетті шарты. Өйткені, әскери міндет – әр азаматтың конституциялық парызы.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қауіпсіздіктің жаңа қадамы

Қазақстан кара металлургиясының қазыналы қамбасы Qatmet соңғы жылдары ауқымды жаңғырту мен цифрлық трансформация кезеңіне батыл қадам басты. Компания өндірістік тиімділікті арттырумен қатар, еңбек қауіпсіздігін күшейту, заманауи технологияларды енгізу және халықаралық стандарттарға сай басқару жүйесін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Яғни, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканың барлық саласын цифрлық тұрғыдан жаңғырту жөніндегі тапсырмалары Qatmet компаниясында жүйелі түрде жүзеге аса бастады деп айтуға толық негіз бар.

Қасымхан БҰРҚИТҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – металлургиялық комбинатта жаңа буындағы Жедел бақылау жағдаяттық орталығының (ЖБЖО) іске қосылуы. Бұл орталық – тек бақылау құралы ғана емес, өндірістігі барлық қауіпсіздік, логистика және басқару процестерін біріктіретін интеллектуалды цифрлық алаң.

ЖБЖО тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді. Мұнда нақты уақыт режимінде өндірістік аумақтағы барлық қозғалыс пен процестер бақыланады. Құзет бөлімшелерінің қызметі толық цифрлық форматқа көшіріліп, мердігер ұйымдардың техника қозғалысы GPS-навигация және бейне-телематикалық жүйелер арқылы қадағаланады. Бұл бұрынғыдай тек желелеген учаскелерді емес, бүкіл комбинат аумағын кешенді бақылауға мүмкіндік береді.

Бүгінде орталықта 15 бақылау аймағына біріктірілген 400-ден астам заманауи бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, 21 автокөлік және жаю жүргішілерге арналған өткізу-бақылау пункті толық цифрлық жүйеге қосылған. Әрбір қозғалыс, әрбір әрекет тіркеліп, деректер базасында сақталады.

Жаңа орталықтың іске қосылуы тек техникалық тұрғыдан жаңарған деп ойласаңыз, қателесісіз. Бұрынғы бақылау жүйесінің тозығы жеткен инфрақұрылымы толық жаңартылып, күрделі жөндеу жүргізілді. Заманауи жабдықтар орнатылып, операторлардың жұмыс істеу жағдайы да айтарлықтай жақсарды.

ЖБЖО-ның басты артықшылықтарының бірі – Жасан-

ды интеллект технологияларын кезең-кезеңімен енгізу. Ақылды алгоритмдер қауіпсіздік талаптарының бұзылуын автоматты түрде анықтап қана қоймай, мінез-құлық үлгілерін талдап, ықтимал қауіптерді алдын ала болжай алады. Бұл – өндірістігі тәуекелдерді басқарудың мүлде жаңа деңгейі ретінде бағаланып отыр.

Одан бөлек, орталықта ұшқышсыз ұшу аппараттарының жұмысы да бақылауға алынған. Дрондар арқылы өндірістік аумақты әуеден шолу мүмкіндігі жағдайды жедел бағалауға, апатты жағдайлардың алдын алуға және логистикалық процестерді оңтайландыруға жол ашады.

Нәтижесінде, жаңа жүйе ұрлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, материалдық шығындарды азайтуға және өндірістік процестердің толық ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компания цифрландыруды тек жер үстіндегі өндіріс нысандарымен шектеп отырған жоқ. Соңғы жылдары шахталарда да заманауи технологиялар кеңінен енгізілуде. Бүгінде жерасты өндіріс орындарында шамамен 200 жаңа бейнебақылау камерасы орнатылып, олардың барлығы диспетчерлік орталықтарға қосылған.

Жүйе кенжарларды дайындау барысын, көмір өндіру үдерісін және жұмысшылардың қауіпсіздігін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Бұрын қауіпті аймақтарда бақылау шектеулі болса, енді әрбір маңызды учаске – тұрақты цифрлық қадағалауда.

– Бұл орталық комбинат аумағындағы барлық логистикалық үдерістер мен жалпы ахуалды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Орталықтың



үздіксіз жұмысын әр ауысымда 15 бейнебақылау операторы және бір үйлестіруші маман қамтамасыз етеді, – дейді Qatmet компаниясының режим және қауіпсіздік жөніндегі директоры Олжас Сейтахметов.

Шахталардағы қауіпсіздікті арттыру бағытында тағы бір маңызды шешім – заманауи азотгаздық бақылау жүйесінің енгізілуі. Әрбір өндірістік нысан 100-ден астам датчикпен жабдықталған. Бұл датчиктер метан мен көміртек оксидінің концентрациясын, ауа ағысының жылдамдығын және тозаң деңгейін үздіксіз өлшейді.

Егер көрсеткіштер белгіленген шектен асып кетсе, жүйе автоматты түрде электр энергиясын өшіріп, қауіпті аймақтағы жұмыстарды тоқтатады. Бұл – адам өмірін сақтауға бағытталған нақты әрі тиімді шешім. Сонымен бірге, оптикалық талшықты байланыс желілеріне қошу деректерді жер бетіндегі орталықтарға жедел әрі тұрақты жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

– Барлық 8 кәсіпорында шахталық атмосфераны бақылау үшін «Дэвис Дерби» жүйесі орнатылған. Бұл жүйе метан газын, көміртегі оксидін, ауа ағынын – негізгі

және соқпақтағы ауа мөлшерін бақылайды. Жүйенің басты ерекшелігі – деректерді нақты уақыт режимінде қадағалайды. Жүйені жаңарту жоспарланып отыр. Біз цифрлық технологияларға өтеміз. Яғни, әрі қарай жүйені дамытуға мүмкіндік алу үшін. Шахтадағы дайындық және өндіру учаскелерінен алынған мәліметтерді жер бетіне шығару үшін оптикалық талшықты желілерді қолдану тиімділікті арттырады және сапалы бақылауға мүмкіндік береді, – дейді «Qatmet» АҚ ҚД өндірістік қауіпсіздік жөніндегі бөлімінің басшысы Николай Алейников.

«Костенко» шахтасы аумағында қазіргі уақытта 100-ден астам бақылау датчигі тұрақты жұмыс істеп тұр. Бұл құрылғылар өндірістік учаскелердегі ауа құрамын үздіксіз бақылап, қауіпті жағдайларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.


– Датчиктер шығатын жұмыс беттеріне орнатылған. Белгіленген шекті мәндер асып кеткен жағдайда, жүйе автоматты түрде электр энергиясын ажыратып, жұмыс тоқтатылады. Одан кейін метан мен шаң концентрациясын қалыптастыру бойынша тиісті шаралар қабылданады. Жақын арада біз

«**Барлық 8 кәсіпорында шахталық атмосфераны бақылау үшін «Дэвис Дерби» жүйесі орнатылған. Бұл жүйе метан газын, көміртегі оксидін, ауа ағынын – негізгі және соқпақтағы ауа мөлшерін бақылайды. Жүйенің басты ерекшелігі – деректерді нақты уақыт режимінде қадағалайды.**»

жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, оптикалық талшықты желілерге өтуді жоспарлап отырмыз. Оның артықшылығы – көбірек нысандарды қамтуға және деректерді беру жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Костенко атындағы шахтаның азотгаз бақылау механигі Роман Максимов.

Мамандардың айтуынша, мұндай жүйелер шахталардағы қауіпсіздік мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп отыр. Әсіресе, метан мен көміртек оксиді секілді қауіпті газдардың шоғырлануын үздіксіз бақылау – адам өмірін қорғаудың маңызды тетігі.

Сонымен қатар, компания шахталарында заманауи жерасты бейнебақылау жүйелері де қарқынды енгізілуде. Бүгінде кенжарлар мен өндірістік жұмыстар жүргізілетін негізгі учаскелерге шамамен 200 бейнекамера орнатылған. Олардың барлығы диспетчерлік орталықтарға қосылып, нақты уақыт режимінде ақпарат беріп отыр.



Бұл жүйе өндірістік үдерістердің барлық кезеңін – кенжарларды дайындаудан бастап, көмір қазу жұмыстарына дейін толық қамтиды. Нәтижесінде қауіп-қауіптерлер дер кезінде анықталып, алдын алу шаралары жедел қабылданады.

– Біздің шахтада басқа нысандардағыдай бейнебақылау жүйесі толық енгізілген. Қазіргі таңда жүйе толық көлемде жұмыс істейді. Бізде жеті забой бар, әрқайсында екі камерадан орнатылған. Сонымен қатар, адамдар жұмыс істейтін орындарда, материалды қайта тиеу және өткізу нүктелерінде қосымша камералар қойылған. Осы бейнебақылаулар арқылы забойды жұмысқа дайындау процесін, қазу барысын толық көре аламыз. Ең бастысы – жұмы-

стардың қауіпсіз әрі талапқа сай орындалуын бақылап, талдау жауауға мүмкіндік бар, – дейді «Қазақстан» шахтасының апатқа қарсы қорғаныс жөніндегі механигі Роман Жилкин.

Қорыта айтқанда, Qatmet қолға алған цифрлық жаңғырту жобалары – өндірістігі қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз етудің жаңа моделін қалыптастырып отыр. Жедел бақылау орталығы, азотгаздық мониторинг жүйелері арқылы жерасты бейнебақылау кешендері біртұтас цифрлық экожүйеге бірігіп, тәуекелдерді алдын ала анықтауға, жедел шешім қабылдауға және адам өмірін барынша қорғауға мүмкіндік береді. Заманауи шешімдерді жүйелі енгізу арқылы компания өнеркәсіп саласында халықаралық талаптарға сай келетін қауіпсіз, ашық әрі тиімді өндіріс үлгісін қалыптастырып келеді.

Сурет компания сайтынан алынды

Мемлекеттік тілге бетбұрыс



ТІЛ ТҒЫРЫ – ҰЛТ ТҒЫРЫ

Қарағандыда мемлекеттік тілді меңгеруге ниетті ересектер саны артып келеді. Осы сұранысқа жауап ретінде өңірде тегін қазақ тілі курстарының екінші легі іске қосылмақ. Биыл облыс орталығында 900-ден астам тұрғынды, ал, жалпы өңір бойынша 3 мыңнан аса адамды қамту жоспарланып отыр.



Курстарды ұйымдастыруды тілдерді дамыту басқармасы қолға алған. Бағдарламаның басты мақсаты – қазақ тілін күнделікті өмірде де, кәсіби ортада да еркін қолдана алатын деңгейге жеткізу. Сонымен қатар, тілдік ортаны кеңейтіп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын арттыру көзделген.

Оқу үдерісі тыңдаушыларға ыңғайлы форматта өтеді. Сабактар аптасына үш рет ұйымдастырылып, үш айға жалғасады. Негізгі оқу жүктемесі 72 академиялық сағатты құраса, оған қоса 28 сағаттық сөйлеу клубтары қарастырылған. Осылайша, жалпы оқу ұзақтығы 100 академиялық сағатқа жетеді.

Сабактар қала бойынша бірнеше жерде жүргізіледі. Атап айтқанда, «Абзал» сауда үйінде, Гоголь көшесі, 34 мекенжайындағы оқу сыныбында, Оңтүстік Шығыс ауданындағы Достық үйінде және Майқұдықтағы «Каскад» сауда үйінде тыңдаушыларға қолайлы уақытқа бейімделіп өткізіледі. Танертең, түсте немесе кешке қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Курсқа қатысушылар өз деңгейіне қарай бөлінеді. Бағдарлама А1-ден С1-ге дейінгі барлық деңгейді қамтиды.

– А1 және А2 деңгейлері тілді жаңадан үйренушілер мен базалық білімін жетілдіргісі келетіндерге арналған. Ал В1, В2 және С1 деңгейлері қазақ тілін еркін меңгеріп, кәсіби деңгейде қолдануға бағытталған, – дейді тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Ұлжан Бөрібаева.

Оқу соңында тыңдаушылар қорытынды емтихан тапсырып, белгіленген үлгідегі сертификатқа ие болады. Бұл құжат олардың тіл меңгеру деңгейін ресми түрде растайды.

Курсқа жазылу үшін өтінімді +7-702-448-98-68 WhatsApp нөмірі арқылы немесе QR-код арқылы онлайн беруге болады. Қабылдау сәуір айы бойы жүргізіліп, сабактар мамырда басталады. Сонымен қатар, ұйымдар үшін кемінде 15 адамнан құралған топпен тіркелу мүмкіндігі де қарастырылған.

Өз тілшімізден

• ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Жауапкершілік жынысқа бөлінбейді

Гендерлік стереотиптер бұл жай ғана түсінік емес, бұл адамның мүмкіндіктерін шектейтін көрінбейтін шекаралар, ерлер мен әйелдердің мінез-құлқына, әлеуметтік роліне қатысты қалыптасқан біржақты, жеңілдетілген көзқарас екенін мойындайтын уақыт келді. Біз «ер бала жыламайды», «қыз бала ұяң, ибалы болуы керек» деген сөздермен бала кезден бастап-ақ адамның табиғи болмысына шектеу қоя бастаймыз. Бұл ұғымдар уақыт өте келе, адамның мамандық таңдауына, отбасындағы орнына және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Қазақстандықтардың көпшілігі гендерлік теңдік деген ұғымды түсіне қоймайды. Гендерлік құқық, мәселелерді тереңнен ешкім зерттемейді. Қазақстан 2024 жылғы Global Gender Gap Report 2024 есебі бойынша 146 елдің ішінде 76-орында тұр. Бұл рейтингті жыл сайын World Economic Forum жариялайды. Көрсеткіш жаман емес көрінгенімен, бұл – әлеуеті жоғары ел үшін жеткіліксіз нәтиже. Демек, мәселе тек заңда емес, санада жатыр.

XXI ғасыр бізден іштегі бұлқынысты шығаруды талап етеді. Гендерлік теңдік – бұл әйелдің еркекке қарсы шығуы емес, бұл – адамның адам ретіндегі құқығының сақталуы. Ер баланың сезімін білдіріп жылауын әлсіздік деп қабылдау жөн емес. Оның ол тірі жан екендігінің тізгінін ұстауы – оның өршілдігі мен біліктілігінің айғағы. Ал рейтингтегі 76-орыннан жоғары көтерілу үшін бұл қажет пе? Ол үшін әр үйдің талбалдырығынан басталатын тәрбие мен сананы өзгерту қажет. Ұл мен қызды «міндеттер» бойынша емес, «адамгершілік пен өзара құрмет» бойынша тәрбиелегенде ғана нағыз өркениетті қоғам құрылады.

Қазақ қоғамында қыз балаға қатысты айтылатын жылы сөз аз емес. «Қыз – қонақ», «қыздың жолы – жіңішке» деген даналықтар – ұрпақ тәрбиесінің ажырамас бөлігі. Бұл сөздердің түбінде мейірім мен құрмет жатқанымен, кей жағдайда сол дәстүрлі түсініктер адамның жеке еркіндігіне байқалмай шектеу қоятын да жасырын емес. Әсіресе тұрмыстық міндеттерді әйелге ғана таны – бүгінгі қоғамда қайта ой-

лануды қажет ететін мәселелердің бірі. Біз көбіне міндеттерді адамның қабілетіне емес, жынысына қарап, бөліп үйренген қоғамбыз. Үй тірлігі әйелге тиесілі, ал, ер-азамат сыртқы жауапкершілікті атқарады деген түсінік ұзақ уақыт қалыпта құбылыс саналды. Алайда, бұның астарында маңызды мәселе жатыр. Жауапкершілік тең бөлінбеген жерде түсіністік те толық емес. Бала тәрбиесі дәл осы арадан басталады.

Ұл балаға үй шаруасын үйретпеу, оны қорғау емес, өмір дағдыларына бейімдеу. Өйткені бала қорған ортасын қалыпта шыныдық деп қабылдайды. Шын мәнінде, жанашырлық пен жауапкершіліктің жынысы болмайды. Үй шаруасы адамның қадірін төмендетпейді, керісінше, ортақ өмірге деген құрметін көрсетеді. Өз өміріне қызмет ете алмайтын, жауапкершілігі жоқ, дәрменсіздер қоғамда белен алуға. Бұл – қазіргі тілмен айтқанда, «тұрмыстық дәрменсіздіктің» (бытовой инвалид) нақ өзі.

Бұл туралы психолог Серік Инаят былай дейді: «Қоғамда кейде «тұрмыстық мүтедек» деген тіркес қолданылады. Алайда, бұл – медицинада да, заң саласында да ресми орынға қиналатын немесе жауапкершілікті өз мойнына алуға дағдыланбаған адамдарға қатысты бейресім түрде айтылады. Мұндай жағдайдың қалыптасуына бірнеше фактор әсер етеді.

Біріншіден, жалқаулық, я жауапкершіліктен қашу. Екіншіден, шамадан тыс қамқорлық. Егер бала кезден адамның барлық шаруасы



өзгелер тарапынан атқарылса, онда оның өз бетінше әрекет ету дағдысы дамымайды. Нәтижесінде ересек өмірде қарапайым міндеттердің өзі күрделі көрінуі мүмкін. Әрине, кейбір адамдардың физикалық немесе психологиялық қиындықтары болуы ықтимал. Мұндай жағдайда мәселе мүлде басқа қырынан қарастырылады және ол кәсіби көмекті қажет етеді. Сондықтан, біржақты бағалауға болмайды. Дегенмен, көп жағдайда мәселенің түп-тамыры – дағдының жоқтығында. Дағды – адамның туа біткен қасиеті емес, ол тәжірибе арқылы қалыптасады. Мәселен, аспаздық курстарға қатысу, қаржылық сауаттылықты арттыру, күн тәртібін жоспарлау, жеке жауапкершілікті біртіндеп кеңейту – бұл бағыттағы тиімді қадамдар. Өз бетімен дүкенге барып, азық-түлік сатып алу, аптасына бір рет үй жинау, құжаттарды өздігінен рәсімдеу сияқты қарапайым әрекеттердің өзі – үлкен жетістік. Ең бастысы – әрекет етуге дайын болу және тұрақты түрде тәжірибе жинақтау. Кез келген мәселенің шешімі бар. Тұрмыстық дәрменсіздік – қабілетсіздік емес, көбіне үйренбегендік. Ал үйрену ешқашан кеш емес. Әр адам өзін дамытуға, жаңа дағдыларды меңгеруге және жауапкершілікті өз қолына алуға ұмтылуы тиіс. Өйткені даму – өмір сапасының негізі».

Теңдік туралы айтқанда біз көбіне үлкен ұғымдарды елестетеміз. Заң, саясат, қоғамдық реформалар

туралы ойлаймыз. Бірақ, теңдік ең алдымен күнделікті өмірдегі ұсақ көрінетін шектерден басталады. Бір адамның шаршауын түсіну, міндетті бөлісу, еңбекті бағалау – осының бәрі үлкен өзгерістердің негізі.

Қазіргі әйел қоғамның барлық саласында белсенді. Ол тек отбасының берекесін келтіруші ғана емес, кәсіби ортада да өз орнын қалыптастырған тұлға. Сондықтан, үй ішіндегі барлық жауапкершілікті бір адамның мойнына жүктеу бүгінгі өмір ырғағына сай келмейді, тоқтаусыз тірлік те дәл солай қажытады.

Үй шаруасының жалақысы жоқ болғанымен, оның қоғам үшін маңызы кем емес. Бұл тек әйелге емес, ер-азаматтың да толыққанды дамуына кедергі, тоқтаусыз тірлік те дәл солай қажытады.

Қоғамның өзгеруі әрдайым үлкен реформалардан басталмайды. Ол дастарқан басындағы әңгімеден, отбасы ішіндегі қарым-қатынастан, ата-ананың күнделікті әрекетінен басталады. Ұл мен қызды міндет арқылы емес, адам ретінде тәрбиелей алған кезде ғана болашақта тең ойлайтын, жауапкершілікті бөлісе білетін ұрпақ қалыптасады. Бүгінгі заман бізден дәстүрді жокқа шығаруды талап етпейді. Керісінше, оның мәнін жаңаша түсінуді сұрайды. Өйткені тәрбие өзгермей сана өзгермейді, ал сана өзгермей қоғам алға жылжымайды.

Аружан ДОСЫМХАН

• «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ – 95 ЖЫЛ

«Біз өнегелі мектептен өттік»

Екі ғасыр арасын жалғайтын – көнекөз қариялар. Олар кешегі мен бүгінгі ұрпақты жалған, дәстүр мен тәжірибені аманаттап қалдырған көкірегі шежіре толы жандар. Ал, олардың әңгімелері, пайым-парасаты бүгінгі журналистер үшін ұмытылмас мектеп ісегі.

Биыл Арқа баспасөзінің қарашырағына айналған «Ortalyq Qazaqstan» газетіне – 95 жыл. Бұл тек газетіңің ғана емес, ұлтқа қызмет еткен, қоғамдық ойды қозғап, ақпарат саласында өзіндік мектебін қалыптастырған ұжымның мерейтойы. Осы орайда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ҚР Ақпарат саласының үздігі, журналист Сүйіндік Жанысбаймен аз-кем сұхбаттасқанбыз. Журналистика мектебі, кәсіби тәжірибе жайында сөз қозғап, баспасөздің қоғамдағы рөлі турасында әңгіме өрбіттік...

– Сонау жылдары журналистика мектебі өте керемет еді. Өзіңізде сол мектептің қалыптасқан өкілісіз. Бүгінгі күні сондай кәсіби мектеп туралы Сіз қалай ойлайсыз?

– «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 1980 жылдың бесінші мамырында келдім. Оған дейін Қарағанды ГРК-да (қазіргі облыстық Saqarqa телеарнасы) бес жылдай істедім. Сол жылдардан бері С.Тұрғынбеков, А.Жангожин, Е.Лұқпанов сынды жігіттермен етене араластымыз. Ол уақытта сенбіде айына бір рет журналистердің саяси оқуы өткізіледі. Бәріміз сол жерде бас қосамыз. Сонда жігіттер «Бізбен бірге «Ortalyq» жүрсенші. Қазірдің өзінде көлемді мақалаларың газет бетіне жарияланып жүр ғой» деп қолқалады. Ия, ол кезде менің мақалаларым газет бетіне жиі басылатын. Кейін ойлана келе, редактор Р.Сағымбеков ағамызға келіп, жолықтым. Ол кісі қарсы болмады. Сонда 31 жасқа енді толған шағым еді...

Газеттің ауыл шаруашылық бөліміндегі Қ.Сәденов, саясат бөлімінде Қ.Әубәкіров, Б.Мустафин, өнеркәсіп бөлімінде Қ.Шахметов сынды ағаларымызды бұрыннан танытымын. Бәрі «сен тұр, мен атайын» ақылтық журналистер. Кейде мақаламызды сынап тастайды. Тіпті, өздері де бір-біріннің мақалаларын сынап, кемшіні тұстарын бетке басады. Бірақ, ол кезде «Менің мақаламды сынап тастады. Маған теріс пікір айтты» деген көзқарас мүлдем болмаған. Бәрі дұрыс түсініп, сол кемшіліктерді екінші қайтара қайталамаушы еді. Мінекей, біз осындай ағаларымыздың мектебін өттік.

Әр журналистің сөз қолданысы мен сөйлем құрауына ерекше мән берілетін. Бір жерден қате кетсе, ол бірден байқалып, сын айтылатын. Сол сындың өзі бізді жауапкершілікке үйретіп, келесі жолы мұқият болуға жетелейтін. Қазіргі таңда басылымдарды парактап отырғанда, тілдік және стильдік қателер жиі көзге түседі. Кейде жас журналистердің сөйлем құрылымында да олқылықтар байқалып жатады. Әрине, бұл – заман ағымымен өзгеріп жатқан ақпарат кеңістігінің бір көрінісі болуы мүмкін. Дегенмен, журналистикада тіл мәдениеті мен сөз дәлдігі әрдайым басты талап болып қала бермек.

Біздің кезде ай сайын журналистерге арналған саяси оқулар ұйымдастырылатын. Облыстың қаламгерлері бас қосып, жарияланған материалдарды талдап, жіберілген қателіктерді бірге саралайтынбыз. Бүгінде сондай кәсіби талқылаулар жоқ. Ал, қазіргі ақпарат тақырып күшейген кезеңде мұндай тағлымды кездесулердің қажеттілігі сезіліп-ақ тұр.

– Заман ағымына сай өзгеріс – заңды құбылыс. Алайда, фе-

льтон, репортаж, очерк, жолсапар очерктері, шолу мақала секілді классикалық жанр түрлері қолданыстан шығып бара жатқандай. Қайтпек керек?

– Мен ең әуелі қара металлургия және құрылыс бөлімінде жұмыс істедім. Ол бөлімде Аман Жангожин бөлім меңгерушісі болды. Біз Теміртаудың және облыстағы салынып жатқан құрылыстарға, оның ішінде, ақ, қаңылтыр цехына жауапты болдық. Оған дейін Л.Брежнев Алматыға келіп, «Қазақстандағы қой санын 50 миллионға көбейту керек. Қазақстанда металлургия комбинатында ақ қаңылтыр



Алдында отырған Қайыркен Сұлтанов, (солдан оңға қарай) Сүйіндік Жанысбай, Орынбай Аймағамбетов, Жәнібек Түсіпбеков, Дәулет Мақашев, Зейнолла Сұлтанов, Амантай Сағындықов, Сапар Әйтенов, Темірғали Шайхін, Зейнолла Ыдырысов.

шығару мүмкіндігі зор. Өйткені, бізде консерві жасайтын металдар жетпей жатыр» деген болатын. Сол жылы бірден ақ қаңылтыр цехының құрылысы басталған еді. Біз сол жерден үнемі репортаж жазатынбыз. Жалпы, осы бөлімде болғанымда домна пешінен, мартен, конвертер, химия цехына да жиі барып, ондағы қызу жұмысты көзімізбен көріп, репортаж жазып жүрдім. Қара жұмыс жасап жүрген жандар жайында очерк те жаздым. Тіпті, ол жерден сын мақала да жарық көрді. Ол кезде бәрі ашық. Кез келген адам мәселесін өзі-ақ айтып беретін. Қандай жұмыс жасалмай жатқаны, оған нендей дүниенің келергі келтіріп тұрғаны жайында бүге-шігесіне дейін айтады. Ал, біз сол мәселеге тереңірек үңіліп, проблемасын ашық көтеретінбіз. Егер ондай мәселе газет бетіне шыкса, бірден жоғары жаққа «Газеттің осы санында мынандай мәселе басылды. Осыған шара қолданып, жауап беруіңізді сұраймыз» деп хат жолдайтынбыз. Сол кезде газеттің, журналистердің беделі күшті-тін. Іле-шала жолдаған хатымызға жауап келіп, сол жауапты қайта газет бетіне басатынбыз.

Біз де хат бөлімі болды. Оған С.Ансаров деген ағамыз жауапты. Өте сауатты кісі еді. Журнали-



стердің жоғары оқу орны саналатын Алматыдағы партия мектебін бітірген. Сол кісінің қарамағында да істедім. Әуелде бізде «Бесейдің бұрышы» деген болатын. Оны К.Ермекбаев деген ағамыз жүргізді. Айына бір рет шығатын. Ал, біз фельетон, сықақ әңгімелер беріп тұрамыз. Ол жерде жарияланған

қызметінде екен. Директоры басқа ұлттың өкілі. Қысым жасап, жұмыс істептеі жүрген көрінеді. Сосын деректерді келтіріп, редакцияға хат жолдапты. Сөйтіп, редактордың тапсырмасымен ол жаққа өзім барып қайттым. Әлгі редактордың есімі есімде қалмапты. Өйтеуір тегі – Кивелев. Жан-жақты ақпарат жи-

радиоаппаратты ала кететінмін. Оның өзі салмағы алты келідей болатын. Арқалап жүруің қиямет-қайым. Иссапарыңды лентқа жазып, кейін жұмыста тыңдап отырып жеке түсіресің.

Сол кезде журналистердің беделі ерекше жоғары еді. Қайда барсаңыз да, алдыңыздан шығып, «Журналист келді», «Газет қызметкері келді» деп күтіп алатын. Қазіргі таңда журналистерге қатардағы қызметкер ретінде қарайды. Кезінде ел «Есіміміз газетке шығып, жұмысымыз сынамаса екен» деп алаңдап отыратын.

Журналистердің беделін көтеру үшін, ең алдымен билік өкілдері тарапынан құрмет көрсетілуі қажет. Қазіргі кезде кейбір басқарма басшылары журналистерді қабылдамай, сұрақтарына жауап бермей, немқұрайлы қарайтыны жасырын емес. Осы тұрғыда бүгінгі журналист әрдайым бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды жетік білуі тиіс. Оны тиімді пайдаланып, заң аясында белсенді күресіп жүрген журналистер де аз. Егер біз өз беделімізді шынымен арттырғымыз келсе, заңды жан-жақты меңгеріп, кәсіби әрекетімізді дәлелді негізге сүйеніп жүргізуіміз керек. Сонымен қатар, бұл заңды тек тәжірибелі журналистер емес, жоғары оқу орындарынан бастап, жас мамандарға да жүйелі түрде оқыту қажет. Сол кезде ғана әр журналист өз құқығын қорғауды, жауапкершілікпен жұмыс істеуді және кәсіби беделін қалыптастыруды меңгеретін болады.

– Қазіргі таңда баспасөзге жазылу күрт төмендеп кетті. Бұл жайында не айтасыз?

– Республикада бұрын алты күн шығатын төрт-ақ газет болатын. Сол кезде пошта қызметі күнбе-күн жеткізіп, ақпарат жылдам қолына тиетін. Бұл баспасөзге жазылуы белсенді ұстап тұратын маңызды факторлардың бірі еді. Қазіргі жағдай керісінше. Бір аптаның газетін жинап, апта соңында ғана жеткізеді. Соның салдарынан ақпарат ескіреді. Ал, «газет келмейді» деп жазылудан бас тартатын оқырмандар да аз емес. Сондықтан, пошта қызметінің мәселесін жүйелі шешу қажет.

Пошталық мекеме қызметкерлері: «Біз де кадр жетіспейді, айлығы аз жерге ешкім барғысы келмейді. Сол себепті бір адам бірнеше учаскені қатар алып жүр» деп түсіндіреді. Бұл мәселені де шешуде болады. Алайда, түптеп келгенде, кейбір жеткізушілерде газеттің мән-маңызына деген жанашырлық жоқ. Егер басылым қызметкерлерге дер кезінде жеткізуді қадағалап тапсырса, жағдай басқаша болар еді.

Біздің кезімізде пошта қызметкерлері үлкен қара сөмкені асынып алып, газеттерді уақытылы тарататын. Қазіргі пошташылардың сөмкелері кішкентай, ішіне 3-4 газет қана салып тасып жүреді. Шындағында, әр оқырман газеттің жеткізу қызметі үшін ақша төлейді. Бірақ, сол қаржы жеткізушілерге жетпейді. Міне, баспасөздің пошта арқылы уақытылы жолжетімді болмауының негізгі түпкі себептері осыдан бастау алады.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

Қарағандылық оқушылар топ жарды

Астана қаласында өткен Infomatrix Asia 2026 халықаралық олимпиадасында қарағандылық оқушылар жоғары нәтиже көрсетіп, бірнеше жүлделі орындарға ие болды. Байқауға әлемнің түрлі елдерінен 250-ден астам команда қатысып, рекордтық деңгейде қатысушылар жиналды. Мыңнан аса жоба ұсынылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық додада жасанды интеллект, роботтехника, компьютерлік графика, қолданбалы ғылым және цифрлық шығармашылық бағыттары бойынша сайыстар өтті. Қарағанды облысының намысын бірнеше білім ордасының оқушылары абыроймен қорғады.

AI Programming санатында Қарағанды қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Ерасыл Әбеуов бірінші орынды иеленді. Ол жасанды интеллект негізінде әзірленген жеке MVP-бағдарламасын ұсынды.

Тағы бір алтын жүлдені «ОЗАТ» мамандандырылған IT-лицейінің оқушысы Мансур Ноғаев жеңіп алды. Оның Hardware Control санатында таныстырған MiniFab жобасы роботтандырылған өндірісті жеңілдетуге бағытталған. Жоба арқылы бағдарламалау дағдысы жоқ адамдар да күрделі жүйелерді оңай басқара алады.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар мамандандырылған лицейінің түлегі Ясмин Сейфуллина «Компьютерлік графика және AI-өнер» бағыты бойынша алтын медаль еншіледі. «Мұрагер» лицейінің оқушысы Санжар Сәрсембаев та үздіктер қатарынан көрінді.

Күміс жүлдегерлер қатарында Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Жанерке Екпін мен Наймулуна Жаңабекова, сондай-ақ, «Дарын» және «Білім-Инновация» лицейлерінің оқушылары бар.

Қола медальді «ОЗАТ» IT-лицейі, Назарбаев Зияткерлік мектебі және «Дарын» ММЛИ оқушылары жеңіп алды.

Айта кетейік, бұл олимпиада жас өнертапқыштар мен бағдарламашыларға өз жобаларын халықаралық деңгейде таныстыруға мүмкіндік беретін маңызды алаң саналады. Қарағандылық оқушылардың жетістігі өңірдің білім саласындағы әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ұстаз есімі ұрпақ жадында

Шет ауданының білім беру саласында жас ұрпақтың ғылыми ізденісін қолдауға бағытталған игі дәстүрдің бірі – ұлағатты ұстаз Қайкен Нұрбекова атындағы «Тарихқа тұнған туған өлкем» ғылыми-практикалық конференция. Дәстүрлі шараны Шет аудандық білім бөлімі ұйымдастырып, мазмұнды өтуіне Ақсу-Аюлы ауылындағы Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия ұжымы зор үлес қосты. Конференцияда аудан мектептерінің дарынды оқушылары бас қосып, ғылыми жобалар қорғады.

Конференцияның ашылуында білім бөлімінің әдіскері Г.Искакова мен мектеп-гимназия директоры Г.Мыкышевтер құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Шара барысында ұлағатты ұстаз Қайкен Нұрбекованың өмір жолы мен еңбегіне арналған «Ұстаз мәртебесі – ұрпаққа аманат»

атты әдеби-музыкалық қойылым ұсынылды. Қойылымда ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс бейнеленді. Бұл сахналық көрініс ұстаз еңбегінің қадірін ұғындырып қана қоймай, шәкірттің ұстаз алдындағы борышы – білім алып, елге қызмет ету екенін айқындай түсті.

Бұл алаңда 9-11 сынып оқушылары «Өлкетану және жергілікті тарих», «Тарихи тұлғалар және қоғам», «Мәдениет және өнер», «Технологиялық бағыт» секцияларында өз зерттеулерін ұсынды. Жас зерттеушілер архивтік деректерге, тарихи құжаттарға және ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, тың тұжырымдар жасады.

Қазылар алқасы қатысушыларға өз бағасын берді.

Сонымен, «Өлкетану» бағыты бойынша I орынды Даяна Жаңқабыл иеленсе, II орын Лияс Бөгембаев пен Айсылу Төлеуге бұйырды. III орынды Гүлжан Талғат пен Айбат Беспаев бөлісті.

«Тарихи тұлғалар және қоғам»

бағыты бойынша I орынды Нұрсая Айбекова жеңіп алды. II орын Әсем Нұрбекке, III орын Айсара Мейрамова мен Нұрәулет Балтабаева берілді.

«Мәдениет және өнер» бағыты бойынша I орынды Кәкіш Толқын иеленді. II орын Айғаным Демесінова мен Алижан Қазбекке, ал, III орынды Толғанай Нұрғалиева, Амина Қанатова, Нұрсұлу Аманжолова және Шырайлым Көрібекова бөлісті.

Технологиялық бағытта I орынды Мәди Нұрмағанбет, II орынды Дамыр Әбділін, III орынды Ұлболсын Аманжол мен Назерке Дәулетқабылова иеленді.

TEDx форматтың бөлімде

I орынды Қуаныштай Жандәулет жеңіп алды. II орын Жаннұр Тлеуек мен Гүлсезім Даткинаға, III орын Алтынай Шайкенова, Ұлболсын Аманжол және Кәусәр Кәкеноваға берілді.

Конференция соңында жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықпен марапатталып, қатысушыларға сертификат табысталды. Ал, оқушылардың ғылыми жеткішілеріне Алғыс хат берілді. Дәстүрлі шараның басты демеушісі марқұм ұстаздың ұлы – Мейрам Сабыров.

Айта кету керек, Қайкен Нұрбекова Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, «Ыбырай Алтынсарин» және «Еңбек арда-

гері» медальдарының иегері, өлкетану ісінің жанашыры. Ол ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп, туған өлкенің тарихын зерттеуге, жастарды елжандылыққа тәрбиелеуге үлкен еңбек сіңірген тұлға ретінде аудан жұртшылығы арасында ерекше құрметке ие. Оның бастамасымен мектеп қабырғасында тарихи-өлкетану мұражайы ашылып, оқушылардың туған жерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған көптеген жұмыстар атқарылған.

Е.ҚЫЗЫЛОВ,
Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның тарих пәнінің мұғалімі

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Кітап кейіпкерлері балалармен жүздесті

Қарағанды облыстық Абай атындағы балалар кітапханасында кітаптар кейіпкерлеріне «жан» бітіп, жас оқырмандармен жүздесті. Ерекше форматтағы бұл шара балаларды кітап әлеміне жаңаша жетелеген әсерлі кездесуге айналды.



Кітапханада бастауыш сынып оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілеріне арналған қазақстандық баспаармен кездесулер циклі басталды. Алғаш болып, алматылық «Аруна» баспасы өз өнімдерін таныстырды. Баспаның өкілдері жана кітаптар жайлы әңгімелеп, ең танымал серияларын ұсынып, балалар мен ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Шараның басты ерекшелігі – оның интерактивті форматта өтуі. Кездесу барысында шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, алып қуыршақтар арқылы кітап кейіпкерлері «тіріліп», балалармен тікелей байланыс орнатты. Сонымен қатар, әрбір қатысушы өзіне ұнаған кітапты таңдай алатын көрме-жәрмеңке де өтті.

2000 жылы құрылған «Аруна» баспасы бүгінде балалар әдебиеті, энциклопедиялық және танымдық бағыттағы қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптарды шығаруға маманданған. Оның «Почемучка», «Предания Казахстана», «Сен білесің бе?», «Балақай», «Халық ертегілері» сияқты сериялары оқырман арасында кеңінен танымал.

Баспаның маңызды бағытының бірі – қазақ тіліндегі балалар әдебиетін дамыту және ел тарихын насихаттайтын жобаларға қатысу. Айта кету керек, «Аруна» баспасы мен кітапхана арасындағы әріптестік байланыс жиырма жылдан астам уақыт бойы үзілмей жалғасып келеді.

– Осы уақыт ішінде кітапхана қоры біздің басылымдармен толықты. Жаңа кітаптар тұрақты түрде келіп түсіп тұрады. Бұған дейін де кітапханалармен жұмыс істеп келдік, алайда, кітап кейіпкерлері қатысқан мұндай форматтағы кездесуді алғаш рет өткізіп отырмыз. Негіз-

гі мақсатымыз – балалардың отандық әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, – дейді баспа өкілдері.

Балалардың ерекше қызығушылығын «Мезам» сериясы тудырды. Бұл – көзге көрінбейтін көмекшілер туралы фантастикалық цикл.

– Бала кітапты жай оқып қана қоймай, оның мазмұнын түсінуі керек. Мезамдардың кім екенін, олардың қандай миссиясы бар екенін ұғынғанда ғана қызығушылығы артады. Осындай кездесулерден кейін балалар кітапты мүлде басқаша қабылдайды деп ойлаймыз, – деді «Аруна» баспасының бас редакторы Қарлығаш Байғабулова.

Баспагерлердің айтуынша, ертегілер, фольклорлық шығармалар мен дамытушы кітаптар әлі де сұранысқа ие. Мұндай басылымдар бүгінде мектеп пен балабақшамен қатар, үйде де кеңінен қолданылып келеді.

Кітапхана ұжымы алдағы уақытта да осындай кездесулерді жалғастырады.


Мұндай бастамалар балалардың тек оқу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, қиялын байыта түседі. Әсіресе, кітап кейіпкерлерімен тікелей жүздесу арқылы бала әдебиетті жақын қабылдап, оқуға деген қызығушылығы артады. Осы тұрғыда кітапхана мен баспаардың бірлескен жобалары жас ұрпақтың рухани дамуына серпін беретін маңызды мәдени алаңға айналып отыр.

Өз тілшімізден

Сурет Қарағанды облыстық Абай атындағы балалар кітапханасынан

Тарихтың үнін жаңғыртқан

Кез келген халық үшін тарихын түгендеу, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу өте маңызды. Себебі, бастаусыз ешнәрсе де, ешкім де өркендемейді. Бүгінде тарих – мемлекетіміз баса мән беріп отырған маңызды салалардың бірі. Өйткені бұл келешек ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіруде шешуші рөл атқарады. Бұл сөзімізге ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзі дәлел. Мемлекет басшысы «Бұған дейін Ұлттық Құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Әлем жадь» деректі мұралар тізіміне енгіздік. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттері» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтан қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді», – деген еді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының аумағында ұлт тарихының іздері сайрап жатыр. Ұлы далада әлемдік өркениеттің өркендеуіне негіз болған көшпелілер өркениетінің бір бөлігі осы еліміздің орталығында. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі құнды жәдігерлерді сақтап, тарихты жаңғыртып келеді. Наурызда күрделі жөндеуден кейін есігін қайтадан айқара ашқан еді. Музейі заман талабына сай жаңарды. Нақтырақ айтсақ, «Жасанды интеллект дәуіріне» бейімделді. Тарихты сақтауда және жаңғыртуда жаңа технологиялар мен әдістер пайдаланылуда. Бұл жаңалықты «Цифрландыру және жасанды интеллект жобасының» шарапаты десек те болады.

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне 2011 жылы күрделі жөндеу жасалды. 15 жыл бұрынғы жөндеу жұмыстарында да музейдің заман талабына сай жаңаруына басымдық берілген. Енді, міне, адамзат баласы «Жасанды интеллект дәуірінің» табылдырығынан аттаған кезеңде де көшпен қалған жоқ.

Музей директорының орынбасары Мөлдір Болат музей өңірге келген туристерге мақтанышпен көрсететін айшықты нысанға айналғанын айтты. Экспозицияларды жаңарту жұмыстарының басты мақсаты – экспозициялардың мазмұнын байыту. Сонымен қатар, заман көшінен қалыспау да негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Өздеріңізге белгілі, бүкіл әлем қазір цифрлық, соның ішінде жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жыл-

ды «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылы деп жариялаған еді. Осыған орай музей жұмысының 80%-ы цифрландырылды. Жасанды интеллект экскурсия жүргізетін жана алаңдар пайда болды, – деді Мөлдір Болат.

Музей экспозицияларының көші динозаврлар дәуірімен басталады. Мұнда интерактивті такта орнатылған. Тактада жасанды интеллекті жасаған динозаврлар туралы шағын деректі фильмді тамашалай аласыз. Сақ пен гүн замандары да жасанды интеллектімен жаңғыртылған. Музей мамандары бұның бәрі келушілердің тарихқа деген қызығушылығын арттыруға таптырмас көмек екенін алға тартты.

Сонымен қатар, тарихи тұлғалардың да көнерген суреттері жаңартылған. Бейне бір соңғы үлгідегі фото құрылғымен түсіргендей әсер береді. Көне музыка-

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

лық аспаптардың үнін де арнайы тактадан естуге болады. Мәселен, жетігеннің суретін саусағыңызбен басып қалсаңыз болды, күй ойнайды. Тіпті, күй туралы шағын ақпарат та көз алдыңызға шыға келеді. Бұл технология музейдің әр шаршы метрін үнеммен пайдалануға мүмкіндік береді.

Музейге келіп, Абылай ханның кеңесшісі болған әулие Бұқар жыраудың батасын аласыз. Жасанды интеллект Бұқар жырау бамамның суретіне жан бітірген.

Музей экспозициясы 13 залдан тұрады және өңір тарихын көшпелі империялар дәуірінен бастап, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік кезеңіне дейінгі уақытты қамтиды. Экспозицияда археологиялық олжаларға, қола және ерте темір дәуірі жәдігерлеріне, қазақ халқының материалдық мәдениетіне, сондай-ақ, Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының қалыптасу тарихына айрықша назар аударылған.

Қарағандының мақтанышына айналған Геннадий Головкин және Серік Сәпиев секілді былғары қолғап шеберлері секілді спорт майталмандарына да орын берілген.

Жалпы музей қорында 154 мыңнан астам жәдігер бар екен. Қазір жәдігерге бұрынғыдай ұзын-сонар мәтін жазылып, анықтамасы үшін қағаз шығындальмайды. Бір ғана интерактивті такта жүздеген жәдігер туралы ақпарат береді.

Музей экспозицияларының заман талабына сай жаңаруы өңірдегі туризмнің де әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік береді дейді мамандар.

– Кейінгі жылдары музейге келетін шетелдік туристердің легі көбейді. Олардың қатарында Орта Азия тарихын зерттеп жүрген ғалымдар да бар. Жаңарған экспозициялар музейге келушілер санының артуына ықпал ететіні анық. Мұндағы экскурсия жүргізетін мамандардың барлығы үш тілде еркін сөйлейді, – деді Мөлдір Болат.

Музейдің жұмысы жаңа жәдігерлермен толыққан сайын жаңа даңады. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде Шет ауданы аумағындағы Талды қорымдарынан табылған жәдігерлер көбеюде.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЕҒІС-2026

Өнім молаяды

Биыл Бұқар жырау ауданының егістік алқаптары былтырғы 144, 4 мың гектардан 5 мың гектарға ұлғайтылып, 149, 4 мың гектар болды.



Соның ішінде, бұқаржыраулық дикандар осы көктемгі егіс науқанында 132,2 мың гектарға дөңді және 5 мың гектарға майлы дақылдар тұқымын сеуіп, 200 гектарға көкөніс, 2200 гектарға картоп отырғызып, 9800 гектарға мал азықтық шөбін егуді жоспарлаған. Осыған қажет 15600 тонна дөңді дақылдар мен 7 мың тонна картоп тұқымын қоймаларда бапталған күйінде тұр.

Аталған науқанға аудан бойынша 283 агроқұрылым қатысса, содан 36 шаруа қожалығы бұл жұмыстарды жүргізу үшін «Кен дала» бағдарламасы бойынша 1,1 миллиард теңгенің несие қаражатын алмақ.

Көктемгі дала жұмыстарын атқаруға ауданда 1318 трактор,

36 егістік кешені мен басқадай 1370 техника жұмылдырылса, қазірде солардың 85 пайызы әзірлік сапына қойылған. Сондай-ақ, өңірдің 134 агроқұрылымы тиісті операторға 2962,05 тонна дизель отынын алуға өтінім жасапты.

– Біз таяу арада алдағы науқанға дайындықты толық аяқтаймыз. Белгіленген қолайлы мерзімде көктемгі егіс жұмыстарына кірісеміз, – дейді Бұқар жырау ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев.

Бұқар жырау ауданы Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөніндегі конкурсын өткізу туралы ереже

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру, әлеуметтік статусын және еңбектерінің маңыздылығын арттыру мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөнінде конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы аталған критерийлерді есепке ала тағайындалады:

- 1) қоғамдық және кәсіби танымал болған облыстың мәдениеті мен өнерінің сақталуы мен даму ісіне маңызды жеке үлес қосуы;
- 2) кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруі;
- 3) қызметінде инновациялық формалар мен әдістер қолдануы;
- 4) тиісті кәсіби жоғары білімінің болуы;
- 5) мамандығы бойынша 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі.

Сыйақылар келесі номинациялар бойынша тағайындалады:

1. «Мамандығына адалдығы үшін»
2. «Жыл әртісі» – 2 сыйақы
3. «Жылдың үздік эпизодтық ролі»
4. «Үздік композитор»
5. «Жылдың эстрада жанрының вокалісі»
6. «Жылдың классика жанрының вокалісі»
7. «Жылдың үздік инструменталисі» – 2 сыйақы
8. «Жылдың үздік жеке аспапта орындаушысы»
9. «Үздік дәстүрлі өнші»
10. «Жыл хореографы»
11. «Балет және хореографиялық ұжымының үздік әртісі»
12. «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі»
13. «Демалыс уақытын үздік ұйымдастырушы»
14. «Ауылдағы демалыс уақытын үздік ұйымдастырушы» – 2 сыйақы
15. «Ауылдың үздік кітапханашысы»
16. «Үздік кітапханашы» – 2 сыйақы
17. «Үздік музей қызметкері»
18. «Алтын жолақ»
19. «Жыл жүргізушісі»
20. «Жылдың үздік архившісі»
21. «Мүгедектігі бар адамдармен жұмысты ұйымдастыру бойынша үздік қызметкер»

Әкім сыйақысы қаражатының мөлшері облыстық бюджетте қарастырылған сома шеңберінде тағайындалады.

Сыйақы конкурсы негізінде Қарағанды облысы әкімінің сыйақысына лауреаттар таңдау комиссиясы ұсынымы бойынша тағайындалады.

Әкім сыйлығына үміткерлерді ұсыну қалалық және аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері, облыстық ведомстволық бағынысты мәдениет және өнер ұйымдары, сондай-ақ шығармашылық одақтар, қорлар және қоғамдық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Бір үміткер екі немесе одан да көп номинация бойынша ұсыныла алмайды.

Сыйлықты алған лауреатты үш жыл ішінде қайта ұсынуға жол берілмейді.

Әкім сыйақысына ұсынылған үміткерлер 2 кезеңге бөлініп қарастырылады. Бірінші кезеңде – комиссия сыйақыға үміткерлерді конкурсқа қатысуға таңдайды, ал, екінші кезеңде сыйақы тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Әкім сыйақысына иегер болған тұлғаларға «Қарағанды облысының сыйақысы лауреаты» құрметті дипломы табыс етіледі.

Комиссияға қарастыруға: қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсыным хаты, соңғы 3 жылдағы ең маңызды жұмыстарды көрсететін шығармашылық мінздемесі, марапаттау дипломдары мен куәліктерінің көшірмелері, сюжеттік фотографиялары, 3х4 көлеміндегі электрондық нысандағы фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, 20-сандық шоттың болуы туралы банктен анықтама тапсырылады.

Конкурсқа материалдар қолма-қол және ukaid@bk.ru электрондық мекенжайына қабылданады. Басшының қолы қойылған кандидатураға ұсынысты сканерленген нұсқада, қалған құжаттарды Word форматында жіберу керек.

Конкурсқа құжаттарды қабылдау жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

Барлық сұрақтарыңыз бойынша Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлеріне тағайындалатын Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы лауреатын таңдау бойынша комиссиясының жұмысшы органы – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына хабарласыңыздар (Бұқар жырау даңғылы, 32; 205 кабинет, анықтама тел. 425112).

д

Кітап оқыған кіріптар болмайды

Қоғамда «Бүгінгі жұрт кітап оқымайды» деген стереотип бар. Бірақ, «Кітап оқитын ұлт» жобасын жүзеге асыратын өңірдегі жобалық кеңсе жетекшісінің ресми дерегіне сүйенсек, бұлай деуімізге еш негіз жоқ. Мәселен, Қарағанды облысы бойынша жобаға қатысуға 67 мыңнан астам тіркелген. Мамандардың сөзінше, бұл – республика бойынша жоғары көрсеткіш. Ұлттық сананы, мәдениетті жаңғыртуды мақсат тұтқан ауқымды жобаның Қарағанды облысындағы аяқ алысы осындай.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Кітап оқитын ұлт» жобасында 6 санат бар. Олар: «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», «Кітап оқитын педагог». Жобаны жүзеге асыратын өңірдегі жобалық кеңсе жетекшісі Дана Бақтығалиева халықтың кітап оқуға деген құлшынысына жоғары баға берді.

– «Кітап оқу – жақсы адаммен сырласқанмен бірдей» дейді ұлылар. Бұл жобаны бастағанымызға жарты жылдай болды. Пилоттық жоба ретінде біздің өңірімізде басталуда дегеннен жобалық кеңсе құрдық. Кеңседе сегіз менеджер бар. Алтауы алты санатқа жауапты. СММ маманымыз бар. Бұл қатарда мен де бармын. Жұмысты былтыр шілде айынан бастадық. «Кітап оқитын ұлт» қоры қойған талаптарға сәйкес келетін кітаптарды іріктедік. Қазақ және әлем әдебиетін қамтыдық. Алты санаттың әрқайсына 15 кітаптан бекітілді. «Кітап оқи-

тын ұлт» қорының жетекшілері «жобаға Қарағанды облысының 40 мыңға жуық тұрғыны тіркеледі» деп шамалаған еді. 6 айдың ішінде аудандарды, шағалайдағы ауылдарды аралап, қатысушылармен кездестік. Жұмыс барысында «XXI ғасыр – технологиялар заманы, бәрі – компьютер мен гаджеттерге тәуелді. Ешкім кітап оқымайды» деген стереотиптердің жалған екеніне әбден көзім жетті. Жастар да, қариялар да, бәрі кітапқа құмар. Жасы сексеннен асқан қариялардың да жата-жаста кітап оқығанына куә болдық. Жоба басталған бетте өтініш білдіргендердің қарасы қалың болды. Белсенділік өте жоғары деңгейде. Тіпті, аудандардың халқы осы жоба аясында өз бастамаларымен байқаулар ұйымдастырды. Жергілікті кәсіпкерлер қаржыларына кітап алып, қатысушыларға сыйлап жатты. Бұл нені білдіреді? Бұл халық осындай рухани бастамаларға сусап отырғанын білдіреді. Арқа – интеллектуалды орталық екеніне көзім жетті, – деді Дана Бақтығалиева.

Өңірдегі жоба кеңсесінің жетекшісі бүгінде парасат-пай-

ымы биік орта қалыптасып жатқанын айтты. Сонымен қатар, бұл жоба 5-6 жылда өз нәтижесін беріп, ел дамуына қарқын қосатынына сенім білдірді.

«Кітап оқитын педагог» санатының қатысушылары мектептің, яғни, алғашқы кезеңнің тестін тапсырды. Санат менеджері Мөлдір Әлжанова жобаға облыс бойынша жалпы саны 17 мың педагог қатысқанын айтты. Өңірдегі барлық мектеп қамтылған.

Облыс бойынша 17 мыңнан астам педагог тіркеліп, оның 4,5 мыңы тест тапсырды. Бұл жерде жарты жыл ішінде 15 кітапты толық оқымағандар жобадан шығарылғанын ескеру керек. Бұл жобадан әр қатысушы жеңімпаз деп ойлаймын. Жоба аясындағы кездесулерде педагогтармен сұхбаттасқанымызда, мұнда ешкім жүлде үшін қатысып жатпағанын аңғардық. Бәрінің басты мұраты – өздерінің рухани қазынасын еселеу, таным көзжәнеңтерін кеңейту, ішкі мәдениеттерін қалыптастыру. Кітап оқу – олардың өмірлік дағдысы. Жобадан өзбекәлі Жәнібековтің «Мәдени майдан», Мағжан Жұмаба-

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

евтың «Педагогика», Дэйл Карнегидің «Алаңсыз өмір сүру құпиялары» секілді мұғалімге керек кітаптар бар. Мұғалім – ұлттың келешегін тәрбиелейтін тұлға. Сол себепті де, педагогтардың жобаға белсенді қатысуы көңілге қуаныш ұялатады, – деді Мөлдір Әлжанова.

Мектепшілік кезеңде жүлделі орын алғандар аудандық кезеңде жолдама алады. Ал, аудандық кезеңде үздік болғандар облыстық кезеңде бақ сынайды. Осы орайда, Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп мұғалімдерінің арасынан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бекзат Жапатайұлы платформада 45 сұраққа 6 минут 30 секундта жауап берді. Бұл – ел бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі.

Жоба басталғалы бекітілген 15 кітапты оқып шықтық. Бала кезден бері кітап оқып келемін. Көбіне талғамым көркем әдебиетті таңдайды. Осы жобаға қатысып, өзім үшін пайым жасадым. Негізі «уақыт жоқ» деген сөзіміз жай ғана сылтау екен. Адам өз уақытын үнемдеп, жоспарлай алса, өмірі де ретке келеді екен. Бұл жоба еңбекқорлықты, шыдамдылықты шыңдауға көмек берді. Қатысушыларға әуелі мақсатым – мәреге бірінші болып жету еді. Бірақ, кітаптарды оқыған сайын жүлде маңызды емес екеніне көзім жетті. Жүлдеден де маңыздысы – білім мен рухани байлық екенін түсіндім, – деді Бекзат Жапатайұлы.

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген ұлағатты сөзі бар. Кітаптан алшақтаған ел тарих жолында өркенінен кеш қалары анық. Өйткені, тамшыдан теңіз құралғандай, әр азаматтың дүниетанымы, ар-ожданы, ішкі мәдениеті ұлттың тұтас болмысын қалыптастырады. Бұл жобаның да әуелгі миссиясы осы деп білеміз.

Суретті түсірген автор

• ЖҰЗУ СПОРТЫ

Әлем кубогынан – қола

Суда жүзуден Франция астанасы Парижде өткен Әлем кубогы өз мәресіне жетті. Оған жерлесіміз Виктор Друзин қатысып, әртістік жүзуден екінші кезеңге өткен. Әрі жарыс қорытындысы бойынша қола жүлдегер атанды.

Айта кетейік, жерлесіміз – Қарағанды облыстық жүзу мектебінің түлегі. Қазіргі таңда өңірдің жоғары спорт шеберлігі мектебінің намысын қорғап жүрген жас спортшы. Өзі осы турнирде жеке кезеңде екінші орынға ие болып, 226.6050 ұпай жинап, жарыс қорытындысы бойынша III орынға тұрақтады.

Бұл бағдарламада Қытай спортшысы Муе Го 245.4900 ұпаймен жеңімпаз атанса, Ұлыбритания өкілі Ранджуо Томблин 238.9359 ұпаймен күміс жүлдеге қол жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін Колумбияда өткен Әлем кубогының алғашқы кезеңінде де темірталық спортшы жоғары нәтиже көрсеткен еді. Ол топтық акробатикалық бағдарламада күміс жүлде иеленіп, техникалық бағдарламада жеке және ерікті микс дуэт сайыстарында екі бірдей қола медаль жеңіп алған болатын. Осылайша, Виктор Друзин халықаралық аренада тұрақты нәтиже көрсетіп, ел мерейін үстем етуде.



Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

Диана ТЛЕМИС,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ-дың IV курс студенті

• БӘРЕКЕЛДІ!

Байрақты бәсекеде бәсі биік

Филиппиннің Тагайтай қаласында өткен велотректегі Азия чемпионаты қарағандылық спортшылар үшін табысты аяқталды. Ұлттық құрама сапында ел намысын қорғаған велошабандоздарымыз алты бірдей медаль жеңіп алды. Оның төртеуі – алтын, екеуі – күміс.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарыстың алғашқы алтын жүлдесін Ұлттық құрама қоржынына темірталық Кирилл Курдиди салды. Ол бір шақырымдық жарыста қарсыластарынан оқ бойы озып, жоғары шеберлігін дәлелдеді.

Ал, Аружан Қабдулова бірден екі алтын медаль жеңіп алып, командалық және жұптық жарыстарда үздік шықты. Сонымен қатар, ұпай саны бойынша топтық жарыста күміс жүлдеге ие болып, жоғары дайындығын көрсетті.

Командалық жарыста тағы бір алтын жүлде Әлия Бұқаеваның еншісіне бұйырды. Ол облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжінің

тәрбиеленушісі ретінде жоғары дайындық деңгейін паш етіп, команданың жеңісіне елеулі үлес қосты.

Жұптық мәдison жарысында күміс жүлдені Илья Карабутов иеленді.

Күзде жауапты дода – Жапонияда өтетін Азия ойындары. Сондықтан, спортшылар үшін демалыс уақыты қысқа болмақ.

Кирилл Курдиди мен Илья Карабутовтың жеке жаттықтырушылары – Владимир Федченко һәм Сергей Ульбрихт. Елена Поленова осы екі спортшымен қоса, Аружан Қабдулованың алғашқы жаттықтырушы-оқытушысы. Ал, Әлия Бұқаеваның алғашқы бапкері һәм жеке жаттықтырушысы – Рустам Жайтуганов.

• ФУТБОЛ

Жаңа бас бапкер – бұрынғы капитан

Футболдан Қазақстан Бірінші-Лига ойындары басталды. Биылғы маусымда 14 команда бақ сынап, Премьер-Лигаға берілетін екі жолдаманы саранқа салмақ. Ал, жаңа маусым алдында «Шахтер» футбол клубының бас бапкерлікке тағайындалғанына көп болмаған Дмитрий Огай қызметінен кетіп, орнына клубтың аңызы Андрей Финонченко келді. Сонымен қатар, клубтың жаттықтырушылар құрамы да жанарды. Әрі клуб тарихында тұңғыш рет оның құрылымында Қазақстан Премьер-Лигасында өнер көрсететін әйелдер командасы жасқалды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Клуб басшылығы бапкерге зор ықыласын білдіріп, құрметпен шығарып салды.

– Қарағандылық «Шахтер» футбол клубына бапкер болу – мен үшін үлкен мәртебе. Әрі клуб басшылығы нақты мақсат қойып, қолдау көрсеткенде менің де қызығушылығым одан бетер артты. Әрі маған жүктелген зор жауапкершілік еді. Мұндай жағдайда «Жоқ» деп айта алмадым. Осы жауапкершілікті толық түсініп, мен бұл күрделі жұмысқа бар күш-жігеріммен кірістім. Мықты бапкерлер штабын жасақтадық. Маусым алдындағы дайындықты тиімді өткіздік. Алға қойылған турнирлік

міндеттерді орындауға қабілетті команда құрдық. Әсіресе, құрамда көптеген дарынды жас қазақстандық футболшылардың өнер көрсететіні мен үшін мақтаным, – деді Дмитрий Огай.

Андрей Финонченко – ойыншы ретінде де, бапкер ретінде де бар ғұмырын бір ғана клубқа арнаған тұлға. Бапкерлік жолын да осы клубтың жасөспірімдер және жастар командасының жаттықтырушысы болып бастаған. Жуырда ғана Швейцарияның Ньон қаласында UEFA PRO лицензиясын алу бойынша оқу курсынан өтіп, біліктілігін жаңа деңгейге көтерді. Осылайша, клуб аңызы бапкер ретінде де өзінің сүйікті клубына қайта оралды.

– Клуб алдында айқын мақ-



саттар мен ауқымды міндет тұр. Біз дұрыс таңдалған бағыт, жүйелі жұмыс, қатаң тәртіп арқылы көздеген нәтижеге жете аламыз

деп сенеміз. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталып кетті. «Шахтердің» даңқын қайтару үшін бар күш-жігерімізді саламыз, – деді клубтың жаңа бапкері Андрей Финонченко.

Жалпы, биыл «Шахтер» сапында қорғаушылардан Марк Богачев, Шахсұлтан Зубайдилда сынды өткен маусымда өнер көрсеткен тәжірибелі ойыншылар қалған. Ал, жартылай қорғаушылардан Роман Асылбаев, Рафаиль Оспанов, Даулет Зайнетдинов тағы бір жыл клуб сапында доп тебеді. Шабуылшыларға келер болсақ, Артем Литов, Максим Галкин, Арман Нүсіп, Ален Айманов та келісімшарт мерзімін созған. Қақпашылардан команда капитаны Игорь Шацкий мен Нуралы Нұрғалиев өз орнында. Бүгінде команда сапына клубтың жастар және жасөспірімдер командасы сапынан үздік ойыншыларды іріктеп, негізгі құрамды жастармен жасақтаған.

Маусымаралық кезеңде клуб басшылығы бірқатар ойыншылармен келісімшарт мерзімін ұзартпады. Атап айтсақ, Богдан Савкин, Уалихан Мұхамеджанов, Тимур Рудольский және Диас Қалыба-

ев сынды футболшылар командамен қош айтысты. Енді жерлестер Бірінші-Лигадағы бірінші ойынның 3 сәуірде сырт алаңда алматылық «Қайрат» жастар клубымен өткізеді.

Әйелдер командасына келер болсақ, негізгі құрам 2005-2010 жылы туған жергілікті тәрбиеленушілерден жасақтаған. Клуб жүйесінде шындалып, ересектер деңгейінде өз мүмкіндіктерін көрсетуге толық дайын талантты футболшылар. Құрамды күшейту мақсатында ұжымға Астанадан екі ойыншы қосылды. Команда алғашқы оқу-жаттығу жиынын өткізіп, физикалық және тактикалық тұрғыда дайындық жұмыстарын жасап та үлгерген. Қазіргі таңда клуб сәуір айының ортасына жоспарланған екінші жиынға тынғылықты дайындық жүргізіп жатыр. Маусымның шымылдығы Қарағандыда түріледі. «Шахтердің» алғашқы қарсыласы – семейлік «Елімай» командасы. Олай болса, жерлестерге сәттілік тілейміз!

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯША

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді.

Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 068
№34 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР